Бекітемін: 

**Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы.**

**Білім беру ұйымының атауы:** Т.Г. Шевченко атындағы жалпы білім беретін орта мектебі.
**Мектепалды** «0» А сыныбы.
**Балалардың жастары:** 5 жас.
**Жоспарлау күні:** 06.11.-10.11. 2023-2024 оқу жылы.

| Күн тәртібі | Дүйсені | Сейсенбі | Сәрсенбі | Бейсенбі | Жұма |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балаларды қабылдау** | Балаларды жақсы көңіл-күймен қарсы алу. Балалар үшін қолайлы жағдай жасау. Балалардың бүгінгі көңіл-күйі туралы әңгімелеу және оны не қызықтырады, баланың жеке пікірін білдіруге қатыстыру. | | | | |
| **Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен кеңесу, әңгімелесу** | Ата-аналармен баланың денсаулығы, үй режимі, тәрбиелеу, дамыту және оның жетістіктері туралы әңгімелер, кеңестер. | | | | |
| **Балалардың дербес әркеті (баяу, қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар).** | ***Ән айту:*** «Күзгі әуен» А. Досмағамбет. | **Суретпен жұмыс.** «Қандай көлік түрлерін білесіңдер?»-деген сұраққа сурет бойынша көшедегі көлік түрлерін атап шығады. -Алыс жол жүріп көрдіңдер ме? -Өзің қандай көлікті ұнатасың? **Д.О.** «Төртіншісі артық» Педагог көлік түрлерінің суреттерін көрсетіп тұрып, олардың аттарын атайды. Балалар аталған көлік түрлерінің артығын тауып айтады және оның неге артық екенін дәлелдейді. -Камаз, Тайота, Жигули, Мерседес. -Камаз артық. Өйткені ол-жүк тиейтін машина. Жигули, Тайота, Мерседес-жеңіл көліктер. | **Д.О.** «Бұл қай жануар?» **Ойынның мақсаты:** Балалардың сөздік қорын молайту, тілін дамыту. **Ойынның барысы:** Балаларға жануарлардың суреттері көрсетіледі. Олардың қайда өмір сүретіні сұралады, олардың немен қоректенетінін айтады. | **Шығармашылық үзіліс.** Сурет салу оңай ма? Жұртқа өнерің ұнай ма? Мұның бәрі түк емес, Талаптыға алайда. (Балаларға өз қалауы бойынша еркін тақырыпта сурет салғызу). | **Д.О** «Құстар» **Ойынның мақсаты:** Құстар туралы білімдерін толықтыру. Құстарға қамқор болуға тәрбиелеу. **Ойын барысы:** Суреттер бойынша құстарды екі тоқа топтпстыру. Жыл құстары және отырықшы құстар. |
| **Ертеңгілік жаттығу.** | **Қараша айының 1-аптасына арналған жаттығу кешені. Мақсаты.** Балалардың жалпы даму жаттығуларын жасау арқылы балаларды шапшаңдыққа, дене бітімін дұрыс қаслыптасуына үйрету. Салауатты өмір салтын сақтаймыз, Жаттығудан ешқашан да қашпаймыз. | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетіне дайындық.** | **Д.О.** «Ай аттары»<br>**Ойынның мақсаты:** Күз мезгілінің айлары: қыркүйек, қазан, қараша ретімен атау.<br>**Ойын барысы:** Күз мезгілінің айларын ретімен атайды. Күз айлары ерекшеліктері туралы әңгімелейді.<br>**Д.О.** «Аукцион»<br>**Ойынның мақсаты:** Балаларды тапқырлыққа баулу.<br>**Ойын барысы:** Педагог балаларға жұмбақтар жасырады. Жұмбақтарды шешіп, күз сыйлығын ұтып ал! | **Шаттық шеңбері.**<br>-Балалар, дөңгелене тұрып, шаттық шеңберін құрайық. Бір-бірімізбен амандасып, жылы тілектер айтайық.<br>-Қайырлы күн!<br>-Сіздерді көргеніме қуаныштымын!<br>-Енді бір-бірімізге мақтау сөздер айтайық:<br>-Сен әдемісің.<br>-Сен мейірімдісің.<br>-Сен ақылдысың.<br>-Сен адал доссың.<br>Қуанамын мен де,<br>Қуанасың сен де.<br>Қуанайық достарым,<br>Арайлап атқан күнге! | **Шаттық шеңбері.**<br>Ерте тұрып күнде мен,<br>Тереземді ашамын.<br>«Сәлем!»- деймін күнге мен,<br>Шаттық әнге саламын. | **Шаттық шеңбері.**<br>«Жарқын күн»<br>**Шарты:** Балалар шеңбер бойымен айнала алақандарын түйістіріп ұстап отырып бір-біріне күн жылуын береді.<br>**-Күн:** «Балалар мен сендерді жақсы көремін! Сендердің көздеріңді, күлкілерің мейірімді, қамқор қолдарыңды жақсы көремін! Мен сендердің терезелеріңнен қарап, осындай ұйымшыл, ақылды балаларды көре алатыныма қуанамын! Осы қуанышым маған одан да жарық болып жануға, өз жылуымды баршаңа сыйлауға көмектеседі. Кәне бір-бірiңмен қол ұстасып, менің жылуымды сезіңдер. Сендер оны бір-біріңе сыйлаңдар!» | **Шаттық шеңбері.**<br>Бақыт толы шеңберге,<br>Шаттық толы шеңберге,<br>Қол ұстасып келдік біз,<br>Жан достармыз енді біз. |
| **Кестеге сәйкес ұйымдастырылған іс-әрекет.** | **1.Сауат ашу негіздері.**<br>**Міндеттері:** Буын туралы ұғымдарды қалыптастыру, сөздерді буындарға бөлу, олардың саны мен ретін анықтау. Буындардан сөздер құрастыруға (ауызша) үйрету.<br>**Д.О.** «Суреттің жартысын тауып, буынды қосып айт»<br>**Ойынның мақсаты:** Суреттердің жартысын тауып, буындарды қосып айтуға үйрету. балалардың ойлау, сөйлеу тілін дамыту.<br>**Ойын барысы:**<br>Әр балаға суреттердің жарты бөлігі таратылады. Суретке қарап, балалар буынның | **1.Сөйлеуді дамыту.**<br>**Міндеттері:** Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Сөйлеуде интонациялық мәнерлілік құралдарын қолдану: дауыс қарқынын, логикалық үзіліс пен екпінді реттеу.<br>**Шығармашылық үзіліс.**<br>***Ән айту:*** «Күз келгенде»<br>***Ой қозғау:***<br>**Д.О.** «Тез жауап бер»<br>**Ойынның мақсаты:** Балалардың логикалық ойлау қабілеттерін дамыту.<br>**Ойын барысы:** Балалар қойылған сұрақтарға тез әрі нақты жауап береді. | **1.Сауат ашу негіздері.**<br>**Міндеттері:** Буын туралы ұғымдарды қалыптастыру, сөздерді буындарға бөлу, олардың саны мен ретін анықтау. Буындардан сөздер құрастыруға (ауызша) үйрету.<br>**Д.О.** «Сөзде қанша буын бар?»<br>**Ойынның мақсаты:** Сөздегі буын санын анықтай білуге үйрету.<br>**Ойын барысы:** Сөздерді буынға бөледі. Сөздегі буын санын анықтайды. **Мысалы:** ба-ла-пан. ( сөзде үш буын бар). қо-ша-қан, ти-ін, а-ю | **1.Сөйлеуді дамыту.**<br>**Міндеттері:** Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Сөйлеуде интонациялық мәнерлілік құралдарын қолдану: дауыс қарқынын, логикалық үзіліс пен екпінді реттеу.<br>**Сөздік ойын:** «Тамаша күн!»<br>**Шарты:** Балалар қойылған сұрақтарға басбармағын көрсете отырып **«Тамаша!»**-деп жауап береді.<br>-Бүгінгі көңіл-күйлерің қалай?<br>-Ауа-райы қандай? | **1.Сауат ашу негіздері.**<br>Геометриялық фигуралардың, көкөністер, жеміс-жидектердің дайын суреттердің сыртын шетке шығармай бастырып бояу.<br>**Д.О.** «Тапқыр болсаң шешіп көр»<br>**Ойынның мақсаты:** Балалардың ойлау қабілеттерін арттыру. Жұмбақ шеше білуге үйрету.<br>**Ойын барысы:** Балаларға жұмбақ жасыру. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | жалғасын айтады.<br>**Мысалы:** кесе, маса, ара, бала, бота, айна, бақа. т.б.<br>**Еркін ойын:** «Сөзді айтуға көмектес»<br>**Ойынның мақсаты:** Сөздерді толық әрі дұрыс айтуға үйрету.<br>**Ойын барысы:** Педагог сөздің бірінші буынын айтады, ал балалар сол буынға қатысты сөзді тауып жалғастырады.<br>**Мысалы:** Ал-ма, қо-ян. т.б.<br><br>**2.Математика негіздері.**<br>**Міндеттері:** Шама.<br>Заттардың (5 және одан артық) ұзындығын, биіктігін, ені мен жуандығын анықтай білу, заттарды шамасына қарай өсу және кему ретімен орналастыру. Шамасы бойынша заттардың арасындағы қатынастарды білдіретін математикалық терминдерді қолдану.<br>**Д.О.** «Ұзын-қысқа жолдар»<br>**Ойынның мақсаты:** Ұзын-қысқа ұғымдарын білу. Білімдерін толықтыру.<br>**Ойын барысы:** Балалар суретке қарайды. Сурет бойынша ертегі мазмұнын қысқаша айтады және Қызыл телпекке әжесіне тез жетуі үшін ең қысқа жолды тауып береді.<br>**Д.О.** «Биік шарбақтар»<br>**Ойынның мақсаты:** Биікаласа ұғымдарын білу білімдерін толықтыру.<br>**Ойын барысы:** Түрлі-түсті қатты картон қағаздардан биік шарбақтар жасау. | -Қазір жылдың қай мезгілі?<br>-Күз екенін қайдан білдіңдер?<br>-Күз мезгілінің айларын атайық.<br>-Күз мезгілінің қандай ерекшеліктері бар?<br>-Ағаштар қалай өзгереді?<br>-Күзде жиі-жиі не жауады?<br>-Күз мезгілі несімен ұнайды?<br>**Жұмбақты шеш.**<br>Өрік, алма,<br>Жидек, жүзім піседі.<br>Қауын, қарбыз,<br>Қияр, сәбіз<br>Дүкендерге түседі.<br>Астық пісіп,<br>Орақ түсіп,<br>Қырман дәнге толады.<br>Айтыңдаршы бөбектерім,<br>Бұл қай кезде болады?<br>**Сұрақ-жауап.**<br>-Жемістер мен көкөністер жылдың қай мезгілде піседі?<br>-Алма мен алмұртты пішіні, түрі, дәмі бойынша салыстыр.<br>-Көкөністерден қандай тағамдар жасалады?<br>-Жемістерден қандай тағамдар жасауға болады?<br>-Ащы және тәтті көкөністерді ата.<br>-Қысқа сақтауға және тұздауға болатын көкөністерді ата.<br>-Қандай көкөністерді шикілей жеуге болады?<br>**Сергіту сәті.**<br>**Шарты:** Көкөністің атын естісе отырады, жемістің атын естісе қолдарын жоғары көтереді.<br>**Д.О.** «Төртіншісі артық» | т.б.<br>**Д.О.** «Буыны көп сөз қайсысы?»<br>**Ойынның мақсаты:** Сөздегі буын санын анықтауға үйрету.<br>**Ойын барысы:** Педагог балаларға бірнеше сөздерді айтады. Балалар сөздегі буын санын анықтап айтады.<br>**Еркін ойын:** «Сөзді айтуға көмектес»<br>**Ойынның мақсаты:** Сөздерді толық әрі дұрыс айтуға үйрету.<br>**Ойын барысы:** Педагог сөздің бірінші буынын айтады, ал балалар сол буынға қатысты сөзді тауып жалғастырады.<br>**Мысалы:** Ти-ін, қо-ян, жаң-ғақ. т.б.<br><br>**2.Математика негіздері.**<br>**Міндеттері:** Шама.<br>Заттардың (5 және одан артық) ұзындығын, биіктігін, ені мен жуандығын анықтай білу, заттарды шамасына қарай өсу және кему ретімен орналастыру. Шамасы бойынша заттардың арасындағы қатынастарды білдіретін математикалық терминдерді қолдану.<br>**Д.О.** «Ұзын-қысқа»<br>**Ойынның мақсаты:** Заттардың ұзындығы, биіктігі, ені мен жуандығын анықтай білуге үйрету.<br>**Ойын барысы:** Балаларға ұзын және қысқа жолақшаларды көрсету. Өлшемін анықтау. Балаларға жолақшаларды таратып беру. | -Күз мезгілі қандай?<br>-Таза ауамен демалған қандай?<br>-Біздің табиғатымыз қандай?<br>**Суретпен жұмыс.**<br>«Бақшадағы еңбек» (сурет бойынша әңгімелеу).<br>-Суретте қай жыл мезгілі бейнеленген?<br>-Балалар қайда жүр?<br>-Олар не істеп жатыр?<br>-Осы суреттер бойынша көкөністерді тауып ата.<br>**Жұмбақтарды шешейік.**<br>**Мақсаты:** Жұмбақтар жасыру арқылы тапқырлыққа, алғырлыққа үйрету.<br>Ұрмай-соқпай жылатады,<br>Бәрі оны ұнатады.<br>(пияз).<br>Әр желіннің асты толған көк қоян,<br>Жаз болғанда көк қоянды жеп қоям.<br>(қияр).<br>Бұйра тұлымы желмен ойнайды,<br>Қызыл мұрыны жерге бойлайды.<br>(сәбіз).<br>Тігіп алып көк шатыр,<br>Қызыл-күрең доп жатыр.<br>(қызылша).<br>Аласа ғана бойы бар,<br>Қабат қабат тоны бар.<br>(орамжапырақ).<br>Доптар жатыр желісі бар,<br>Қабат қабат киімі бар.<br>(орамжапырақ).<br>Сәбіз, қызылша, орамжапырақ сөздеріне | Допқа өзі ұқсайтын,<br>Ерекше бір пішін бар.<br>Ол пішінді кім табар?<br>(дөңгелек).<br>Төрт бұрышы бар,<br>Төрт қабырғасы бар.<br>(төртбұрыш).<br>Атына сай балалар,<br>Үш бұрыш, үш жағы бар.<br>Ол пішінді кім табар?<br>(үшбұрыш).<br>**Д.О.** «Пішіндерді боя»<br>Түстерді танып білуге үйрету.<br>**Ойынның мақсаты:** Пішіндер туралы білімдерін толықтыру. Түстерді ажырата білуге үйрету.<br>**Ойын барысы:** Балаларға пішіндер салынған қағаздар таратылып беріледі. Бұл суреттегі пішіндер боялмаған. Педагог балаларға тақтаға боялған пішіндерді ұсынады. Балалар сол тақтадағы түстерге қарап алдарындағы пішіндерді сондай түспен бояйды.<br>**Д.О.** «Қандай пішін жетіспейді?»<br>**Ойынның мақсаты:** Геометриялық пішіндерді атай білуге үйрету. Балалардың ойлау қабілетерін арттыру.<br>**Ойын барысы:** Тақтаға геометриялық пішіндер ілінеді. Педагог балаларға көздеріңді жұмыңдар деп бір пішінді алып қояды. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **3.Көркем әдебиет.**<br>**Міндеттері:** Балалардың назарын кітаптың безендірілуіне, иллюстрацияларына аудару. Баланың басқа құрдастарымен және ересектермен түрлі дереккөздерден: ғаламтордан, теледидардан, жақындарының әңгімесінен алған ақпараттарымен, әсерлерімен бөлісуіне мүмкіндік беру. Айналасында болып жатқан оқиғаларға өзінің көзқарасын білдіруге құлшынысын дамыту, сөйлегенде мақал-мәтелдерді қолдану.<br>**Мектепішілік кітапханаға сахат.**<br>«Кітап-сарқылмас рухани қазына»<br>**Ойынның мақсаты:** Балалардың кітапқа деген қызығушылығын арттыру, кітапты құрметтей білуге, ұқыпты ұстауға баулу.<br>**«Кітап деген не?»** деген сұраққа балалар өз жауаптарын айтады.<br>**Д.О.** «Кітап-біздің досымыз»<br>**Ойынның мақсаты:** Балалардың кітапқа деген қызығушылығын арттыру.<br>**Ойын барысы:** Балалар кітап бұрышындағы кітаптарды қарайды, танысады, ондағы таныс ертегілер мен әңгімелерді айтады.<br>**Д.О.** «Тапқыр болсаң шешіп көр»<br>**Ойынның мақсаты:** Балалардың ой өрісін, ойлау | **Ойынның мақсаты:** Балалардың логикалық ойлау қабілеттерін арттыру.<br>**Ойын барысы:** Аталған сөздердің ішінен қайсысы артық екенін табады. Не үшін артық болып тұрғанын айтады.<br>Алма, алмұрт, өрік, жүзім, шие, **қияр.**<br>Қияр, қызанақ, сәбіз, қызылша, орамжапырақ, **алма.**<br>**Д.О.** «Не қайда өседі?»<br>**Ойынның мақсаты:** Көкөністер мен жеміс-жидектердің қайда өсетінін ажырата білуге үйрету.<br>**Ойын барысы:** Бақта жемістер мен жидектер, бақшада көкөністердің өсетінін айтады.<br>**Шығармашылық үзіліс:**<br>**Жапсыру:** «Қысқа дайындық»<br>**Шарты:** Балалар дайын банкаға жемістер мен көкөністерді жапсырады.<br><br>**2.Қоршаған ортамен таныстыру.**<br>Еңбекке баулу. Ата-ана еңбегін түсіну, адамдардың еңбектеріндегі өзара байланыстарды байқау. Еңбек ардагерлерін, қарттарды құрметтеу, үлкенді сыйлау, олардың еңбегін бағалау.<br>**Д.О.** «Кім болам?»<br>**Ойынның мақсаты:** Балалардың әртүрлі мамандықтар туралы білімдерін толықтыру.<br>**Ойын барысы:** Болашақта | Жолақшалардың ішінен бірдей жолақшаны табуға тапсырма беру.<br>**Д.О.** «Кімнің бойы ұзын екенін айт»<br>**Ойынның мақсаты:** Биік-аласа, ұзын-қысқа туралы түсініктерін бекіту.<br>**Ойын барысы:** Суреттегі аңдардың бойын салыстыр. Қай аңның бойы ұзын? Қай аңның бойы қысқа?<br><br>**3.Көркем әдебиет.**<br>**Міндеттері:** Балалардың назарын кітаптың безендірілуіне, иллюстрацияларына аудару. Баланың басқа құрдастарымен және ересектермен түрлі дереккөздерден: ғаламтордан, теледидардан, жақындарының әңгімесінен алған ақпараттарымен, әсерлерімен бөлісуіне мүмкіндік беру. Айналасында болып жатқан оқиғаларға өзінің көзқарасын білдіруге құлшынысын дамыту, сөйлегенде мақал-мәтелдерді қолдану.<br>**«Кітап-біздің досымыз»**<br>Кітапты мен сүйемін,<br>Кітаптар бар біздерде.<br>Суреттері ғажайып,<br>Ертегілер еліне,<br>Шақырады біздерді.<br>Бәрін білгім келеді,<br>Қайдан? Неге? Не үшін?<br>Мен әуесқой баламын,<br>Бәрін біліп аламын.<br>Өскен кезде өйткені,<br>Үлкен ғалым боламын.<br>**«Ертегілер елі»** | сөйлем құрастыру.<br>**Бірге жаттайық.**<br>«Күз-береке»<br>Берекесін сыйлауға,<br>Өлкемізге күз келді.<br>Жемістерін жинауға,<br>Шақырады біздерді.<br>**Д.О.** «Сөз ойла, тез ойла, көп ойла»<br>**Ойынның мақсаты:** Балалардың сөздік қорын молайту, тіл байлығын арттыру.<br>**Ойын барысы:** Балалар, күз мезгілі, бақшада, көкөністер деген сөздерге сөйлем құрастырады.<br>**Д.О.** «Ғажайып суреттер»<br>**Ойынның мақсаты:** Балалардың сөздік қорын молайту, шығармашылық қабілеттерін арттыру.<br>**Ойын барысы:** Балалар ақ қағазға күз мезгілі көріністерінің суретін салады, әңгімелейді.<br><br>**2.Қоршаған ортамен таныстыру.**<br>Еңбекке баулу. Ата-ана еңбегін түсіну, адамдардың еңбектеріндегі өзара байланыстарды байқау. Еңбек ардагерлерін, қарттарды құрметтеу, үлкенді сыйлау, олардың еңбегін бағалау.<br>**Сөздік ойын:** «Сенің өмір сүруіңе не қажет?»<br>**Ойынның мақсаты:** Адам өміріне не қажет екенін айту, білімдерін толықтыру. Балаларды өз денсаулығын дұрыс күте | Балалар көздерін ашқанда қандай пішін жоқ екенін айтады.<br>**Жазып үйренем:** «Қолға қалам аламыз, әдемі етіп жазамыз!»<br>**Ойынның мақсаты:** Қолды жазуға дайындау, жазу дәптерінің бетінде бағдарлай білуге, жазу жолы мен жоларалық кеңістікті ажырата білуге үйрету.<br>**Ойын барысы:** Балалар геометриялық фигуралардың, көкөністер, жеміс-жидектердің дайын суреттердің сыртын шетке шығармай бастырмай бояйды.<br><br>**2.Математика негіздері.**<br>**Міндеттері:** Шама. Заттардың (5 және одан артық) ұзындығын, биіктігін, ені мен жуандығын анықтай білу, заттарды шамасына қарай өсу және кему ретімен орналастыру. Шамасы бойынша заттардың арасындағы қатынастарды білдіретін математикалық терминдерді қолдану.<br>**Д.О.** «Кім зейінді?»<br>**Ойынның мақсаты:** Биік-аласа, тар-кең, үлкен-кіші ұғымдарын бекіту, білімдерін толықтыру, айырмашылықтарын ажырата білуге үйрету.<br>**Ойын барысы:** Педагог балаларға екі түрлі үйдің |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | жасау. Жаттығуларды дұрыс жасау, басқалармен бірдей жасау.<br>**«Секектегіш»** ғаламшары.<br>**Шарты:** Бұл ғаламшарда балалар секіріп жүреді. Екі аяқтап биіктігі 20-30 см заттардан аттап секіру;<br>Бір орында тұрып алға қарай 3-4 метр қашықтыққа жылжу арқылы секіру;<br>Екі тізенің арасына қапшықты қысып ұстап, түзу бағытта (арақашықтығы 6 метр) қос аяқпен секіру.<br>**«Түрлі-түсті ғаламшар»**<br>**Шарты:** Допты еденге бір қолмен, алақан жайып, қайта саусақтың басымен қарсы алып, қайтарып, аяқтың жанына қарай еденге соғу.<br>**«Жорғалаушылар»** ғаламшары.<br>**Шарты:** Балалар модульдерден аттап шынтақтап, тізерлеп, еңбектеп, жорғалап жүреді.<br>**«Сиқырлы ғаламшар»**<br>**Шарты:** Балалар залға шашырап бытыраңқы жүрісі орындайды. Әртүрлі музыка әуенімен сәйкес қимылдар жасайды. Шапшаң әуенге үлкен адымдап, колын жоғары көтеріп жүреді. Баяу әуенге кішкентай қадамдар жасап қолдарын беліне қойып жүреді.<br>**Ойын-жаттығу.**<br>«Қарама-қарсы қозғалыс»<br>**Шарты:** Ойыншылар екі қатарға бір-біріне қарама –қарсы тұрады. Бірінші қатар не істесе де екінші қатар соған қарама –қарсы | -Қазір жылдың қай мезгілі?<br>-Күз мезгілі неше айдан тұрады?<br>-Күз айларын атаңдар.<br>-Қай айдан басталады?<br>-Күз мезгілі несімен ерекшеленеді?<br>-Күзде табиғатта қандай өзгерістер болады?<br>-Ауа-райын бақыла.<br>-Ағаштар қалай өзгереді?<br>-Күзде алғаш қандай құстар ұшып кетеді?<br>-Күзде адамдар қандай еңбек түрлерімен айналысады?<br>-Адамдар бақта, бақшада, егістік алқабында қандай еңбек етеді?<br>-Сенің отбасың күзде қандай еңбек атқарады?<br>**Жұмбақты шеш.**<br>Жиын-терін болатын,<br>Қамбаға астық толатын.<br>Қызыл қырман ойнайтын,<br>Қай мезгіл деп ойлайсың?<br>**Бірге жаттайық.**<br>Жемісі мол теретін,<br>Күз дос екен бізбенен.<br>Бәрін тауып беретін,<br>Жомарт екен күз деген.<br>**Шығармашылық үзіліс.**<br>«Себеттегі алма»<br>**Мақсаты:** Суреттің композициясын құра білуге үйрету, шығармашылық ойлау қабілеттері мен бейнелей білу мүмкіндіктерін дамыту. Балалардың сурет салуға деген қызығушылығын арттыру.<br>**Балалардың жұмысы:** «Себеттегі алма» суретін салады. | мөңке, таутан, жайын.<br>**Тыңда:** Балықтар әртүрлі болады. Олардың өте үлкендері де, майдалары да бар. Олар өзен, көл, теңіз, мұхиттарда тіршілік етеді. Балықтар желбезегімен тыныс алады. олар жүзу қанаттарының және құйрығының көмегімен суда жүзеді. Балықтың денесі жылтық қабыршақпен жабылған. Балықтар су өсімдігінің сабағы мен жапырағына, суқойма түбіне уылдырық шашады. Уылдырық-балықтың жұмыртқасы. Уылдырықтан шабақтар пайда болып өсіп-жетіледі.<br>Сен қандай балықтарды білесің?<br>Суреттегі шортан мен жайынды салыстыр.<br>Өзің білетін теледидардан көрген ірі алып балықтарды ата.<br>**Жұмбақтар жасыру.** (балаларға балықтар туралы бірнеше жұмбақтар жасыру).<br>Терісі бар, жүні жоқ,<br>Жүрісі бар, ізі жоқ.<br>Қанаты бар ұшпайды,<br>Су астында қыстайды.<br>(балық).<br>Шаңқ-шұңқ еткен үні жоқ,<br>Сусыз оның күні жоқ.<br>Жүріп кетсе соңында,<br>Қалып жатқан ізі жоқ.<br>(балық).<br>Күміспен апталған,<br>Теңгемен қапталған.<br>(сазан).<br>Қомағайлық жасайды,<br>Шабақтарды асайды. | нақты жауап беруге баулу.<br>**Жұмбақтар жасырайық.**<br>**Мақсаты:** Жұмбақтар жасыру арқылы тапқырлыққа, алғырлыққа үйрету.<br>Жауып жаңбыр, жер сабыр,<br>Шөп жапырақ солады.<br>Бұл қай кезде болады?<br>(күзде).<br>Өсіп тұрған бұл не?<br>Жаз болса жайнап.<br>Саясында ән салып,<br>Құстар жүрген сайрап.<br>Салқын түссе шешініп,<br>Қалады өзі жайрап.<br>(ағаш).<br>**Ашық микрафон:**<br>-Қазір қай мезгіл?<br>-Күз екенін қайдан білдіңдер?<br>-Күзде ауа-райы қандай болады?<br>-Күзгі жапырақтың түсі қандай?<br>-Күзгі орман қандай болады?<br>-Орманда қандай ағаштар өседі?<br>-Қандай ағаштарды білесіңдер?<br>-Ағаштардың қандай пайдасы бар?<br>**Тыңда.**<br>Күзде ағаш жапырақтары сарғайып түсе бастайды. Күздің соңына қарай жапырағынан айырылған ағаштар жалаңаштанады. Тек шырша мен қарағай ғана жасыл қалпында болады. Қылқандары жыл бойы біртіндеп | күрделі емес қимылдар мен қалыптар арқылы беру (өсімдіктер, жануарлар, құстар). Заттардың пішіндеріне, бөліктердің салыстырмалы өлшеміне және олардың орналасуына сүйене отырып түстер мен олардың реңктерін беру.<br>**Д.О.** «Ертегіні ата»<br>**Ойынның мақсаты:** Балаларды ертегілерді ажыратып, атай білуге үйрету және жинақтау, талдау қабілеттерін жетілдіру.<br>**Ойын барысы:** Балаларға ертегілер бейнеленген суреттер таратылады. Балалар суретке қарап қандай ертегі екенін айтады.<br>**Д.О.**«Ертегі кейіпкерлерін таны»<br>**Ойынның мақсаты:** Балалардың есте сақтау қабілеттерін арттыру.<br>**Ойын барысы:** Тақтаға ілінген ертегі кейіпкерін атайды, қай ертегі кейіпкері екенін табады.<br>**Д.О.** «Кім тез табады?»<br>**Ойынның мақсаты:** Балалардың ой өрісін, ойлау қабілетін дамыту.<br>**Ойын барысы:** Суретке қарап жасырынған көжектерді табады. Көжектер анасымен жасырынбақ ойнады. Анасы біреуін тауып алды. Қоянда барлығы неше көжек болды? (3 |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | қабілетін дамыту.<br>**Ойын барысы:**<br>Жұмбақтарды шешеді.<br>Ұсынған қойнынан,<br>Білімнің үлесін.<br>Шықпайды ойыңнан,<br>Досың ғой білесің.<br>(кітап).<br>Қабат-қабат қатталған,<br>Асыл сөзбен апталған.<br>Ол қазына өлмейтін.<br>(кітап).<br><br>**4.Дене шынықтыру.**<br>Негізгі қимылдар.<br>Секіру: бір орында тұрып алға қарай 3-4 метр қашықтыққа жылжу арқылы секіру; екі тізенің арасына қапшықты қысып ұстап, түзу бағытта (арақашықтығы 6 метр) қос аяқпен секіру.<br>**Шаттық шеңбері:**<br>Балалар, бір-бірімізбен қол ұстасып шаттық шеңберінде тұрып, бір бүтін екенімізді сезінейік.<br>Бәріміз бірге демімізді ішке тартып, қайта шығарамыз.<br>Жүрегіміздің соғысын тыңдайық...<br>Дүк-ілгері қадам аттау,<br>Дүк-артқа қадам аттау.<br>**Ұйымдастыру кезеңі.**<br>**«Байқоңыр»** ғарыш айлағында барлығымыз бірге жалпы дамыту жаттығуларын жасайық.<br>(балалар жаттығу жасайды)<br>Зымырандармен ғарышқа ұшып, саяхатқа шығамыз.<br>**Негізгі кезең.**<br>«Музыкалы ғаламшар»<br>**Шарты:** Біркелкі тыныс алып, ырғақтық гимнастика | өздерінің қандай маман иесі болғысы келетіні жөнінде әңгімелерін, ойларын ортаға салады.<br>**Д.О.** «Мамандықтың бәрі жақсы»<br>**Ойынның мақсаты:**<br>Үлкендердің еңбегін бағалауға тәрбиелеу және мамандық таңдауға қызығушылықтарын ояту.<br>**Ойын барысы:** Сұрақ-жауап.<br>Суреттер тақтаға ілінеді.<br>Бала өзі қалаған мамандық иесі бейнеленген суретті қалап алады, сол мамандық туралы әңгімелейді.<br><br>**3.Қазақ тілі.**<br>**Міндеттері:**<br>Байланыстырып сөйлеу. Өз бетінше қарым-қатынас жасауға, әңгімелесуге, әңгімелесушінің сөзін мұқият тыңдауға, сұрақтарды дұрыс қоюға, оған қысқа және толық нақты жауап беруге баулу.<br>**Ашық микрафон:**<br>**Д.О.** «Күз мезгілі екенін қайдан білдіңдер?»<br>**Ойынның мақсаты:** Күз туралы білімдерін тиянақтау. Күз сыйына, адамдар еңбегіне құрметпен қарауға тәрбиелеу. Бау-бақша туралы әңгімелеу, жұмбақтар шешкізу арқылы сөздік қорларын толықтыру.<br>**Ойын барысы:** Балаларға сұрақ қою арқылы жауаптарын дәлелдету керек. Балаларға қойылатын жетекші сұрақтар: | «Кітаптар мұңы»<br>(балаларды жаңа ертегімен таныстыру, мәнерлеп оқып беру).<br>**«Мен ұқыпты баламын»**<br>(балалар өздерінің қандай бала екені туралы айтады)<br>-Кітапты қалай ұстау керек?<br>-Сендерде қандай кітаптар бар?<br>-Кітап оқыған сендерге ұнайды ма?<br>-**«Ұқыпты бала»**-деп қандай баланы айтамыз?<br>**Д.О.** «Тапқыр болсаң шешіп көр»<br>**Ойынның мақсаты:**<br>Балалардың ой өрісін, ойлау қабілетін дамыту.<br>**Ойын барысы:**<br>Жұмбақтарды шешеді.<br>Ұсынған қойнынан,<br>Білімнің үлесін.<br>Шықпайды ойыңнан,<br>Досың ғой білесің.<br>(кітап).<br>Қабат-қабат қатталған,<br>Асыл сөзбен апталған.<br>Ол қазына өлмейтін.<br>(кітап).<br><br>**4.Шебер қолдар.**<br>**Тақырыбы:** «Алып балық»<br>Сабақтың мазмұны:<br>Декоративті әшекейлеуге үйрету. Шекілдеуік қабығынан балықтың пішінін жасау. Төзімділікке, икемділікке тәрбиелеу.<br>**Ертегілер еліне саяхат.**<br>**«Балықшы мысық»** ертегісін еске түсіру.<br>Мазмұнын айту.<br>**Суретпен жұмыс.**<br>Балықтар: алабұға, шортан, | білуге, спортпен айналысуға баулу, білім алуға, жақсы мамандық иесі болуға, еңбек етуге тәрбиелеу.<br>**Ойын барысы:** Өмір сүруге не қажет екенін айтады. Себебін түсіндіреді. Адам тіршілігіне не қажет?<br>**Д.О.** «Жақсы жаман»<br>**Ойынның мақсаты:**<br>Балаларды жақсы іс пен жаман істі ажырата білуге үйрету.<br>**Ойын барысы:**<br>Суреттерге қарап, жақсы іс пен жаман істі ажыратады, әңгімелейді.<br>**Д.О.** «Кімге не керек?»<br>**Ойынның мақсаты:**<br>Суреттерді қолдана отырып әңгімелеу арқылы балалардың тілін дамыту.<br>**Ойын барысы:** Бірінші бағанда тұрған мамандық иелерінің суреттерін, екінші бағандағы суреттердің тиістісіне сызықпен қосып көрсету.<br>**«Кімге не керек?»** сұрағына ауызша жауап беру.<br><br>**3.Қазақ тілі.**<br>**Міндеттері:**<br>Байланыстырып сөйлеу. Өз бетінше қарым-қатынас жасауға, әңгімелесуге, әңгімелесушінің сөзін мұқият тыңдауға, сұрақтарды дұрыс қоюға, оған қысқа және толық | суретін көрсетеді.<br>Үйлердің бір-бірінен қандай айырмашылығы бар?<br>Биік-аласа, тар-кең, үлкен-кіші.<br>**Д.О.** «Ойлан тап»<br>**Ойынның мақсаты:**<br>Заттардың өлшемі бойынша салыстыра білуді үйрету.<br>**Ойын барысы:** Суреттегі заттардың өлшемі бойынша салыстыр. Биік-аласа және үлкен-кіші заттарды ата.<br>**Сұрақтар мен тапсырмалар.**<br>.Суретке қара. Суреттегі заттарды өлшемі бойынша салыстыр. Биік-аласа, үлкен-кіші заттарды ата.<br>.Тәтті тоқаштарға көлеміне қарай сәйкес келетін ыдысты таңда.<br>(үлкен және кіші тоқаштар және ыдыстар).<br>.Ұзындығы мен ені бірдей таспаны тап.<br><br>**3.Сурет салу.**<br>**Міндеттері:** Заттардың, ертегі кейіпкерлерінің бейнесін өзіне тән ерекшеліктерімен салу; парақта кеңістіктегі заттардың қалпын беру, заттардың жазықтықта әртүрлі орналасуы мүмкім екендігін түсіндіру (тұрады, жатады, қалпын өзгерте алады), тірі табиғат заттарының бейнелерін |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | қимылдар жасайды. | **4.Музыка.**<br>**Міндеттері:** Музыка тыңдау. Өмірдің кейбір құбылыстарын бейнелеу тәсілі ретінде әлемдік және қазақ музыка өнерінің шығармаларымен таныстыру.<br>Ән айту. Ән айтуда дауыспен вокалдық-есту қабілетін үйлестіруді жетілдіру. Ән айту дағдыларын қалыптастыру, бірінші октаваның «ре», екінші октаваның «до» диапозанда жеңіл дауыспен ән айту, ән айтар алдында музыкалық фразалар арасында тыныс алу, әннің сөздерін анық айту, орташа, қатты және ақырын дауыспен ән айту. музыкалық сүйемелдеумен және сүйемелдеусіз жеке ән айту дағдыларын дамыту.<br>**Ән тыңдау:** «Ана тілін сүйеміз» К.Дүйсекеев.<br>-Ән қандай? (көңілді, қуанышты).<br>-Музыканың әуені сендерге ұнады ма?<br>**Ән айту:** «Ана тілін сүйемін» И.Нүсіпбаев.<br>-Әнде не туралы айтылады?<br>-Музыканың әуені сендерге ұнады ма?<br>-Сен өз еліңнің нағыз азаматы болу үшін ана тіліңде таза сөйлеуің керек. Көп ойлан, жақсы сөйле, сөзің қысқа әрі нұсқа болсын. Ақын Қадыр Мырза Әли:<br>«Өзге тілдің бәрін біл, | (шортан).<br>Өзі алып кемедей,<br>Дауылдардан ықпайды.<br>Су шашып,<br>Телегей<br>Мұхиттан шықпайды.<br>(кит).<br>Басы доғал, мұрты бар,<br>Аузы апандай ұрты бар.<br>Түрі китке ұқсайды.<br>(жайын).<br>**Шығармашылық үзіліс.**<br>**Балалардың жұмысы:**<br>«Алып балық»<br>Шекілдеуік қабығынан балықтың пішінін жасау.<br><br>**5.Дене шынықтыру.**<br>Негізгі қимылдар.<br>Секіру: қос аяқпен заттардың арасымен (арақашықтығы 4 метр), оң және сол аяқты алмастырып, заттардың арасымен (арақашықтығы 3 метр), бір орында тұрып биіктікке секіру (6-8 метр); бір аяқпен және қос аяқпен құрсаудан құрсауға секіру (арақашықтығы 40 см).<br>**Ұйымдастыру кезеңі.**<br>«Күлкі сыйла»<br>Балалар шеңберге тұрады. Бір-біріне қарап күлімсірейді.<br>**Қимылды ойын:**<br>«Дөңгелектен секіріп шық»<br>**Ойын барысы:** Қос аяқпен секіруді, биік емес жерлерден секіруді үйретуді жалғастыру.<br>**Қимылды ойын:** «Секіріп түс те, бұрыл!»<br>**Ойынның мақсаты:**<br>Кеңістікті бағдарлай ауын, | түсетіндіктен, олар үнемі жасыл болып тұрады.<br>**Сурет салу.**<br>«Күзгі орман»<br>**Мақсаты:** Күзгі орманның мазмұнын көре білуді үйрету. Балалардың шығармашылық қабілеттерін дамыту.<br>Көрме ұйымдастыру.<br>**Бірге жаттаймыз.**<br>Сарғайды тоғай,<br>Сап сары маңай.<br>Соңғы әнін айтып,<br>Құс кетті қайтып.<br><br>**4.Музыка.**<br>**Міндеттері:** Музыка тыңдау. Өмірдің кейбір құбылыстарын бейнелеу тәсілі ретінде әлемдік және қазақ музыка өнерінің шығармаларымен таныстыру.<br>Ән айту. Ән айтуда дауыспен вокалдық-есту қабілетін үйлестіруді жетілдіру. Ән айту дағдыларын қалыптастыру, бірінші октаваның «ре», екінші октаваның «до» диапозанда жеңіл дауыспен ән айту, ән айтар алдында музыкалық фразалар арасында тыныс алу, әннің сөздерін анық айту, орташа, қатты және ақырын дауыспен ән айту. музыкалық сүйемелдеумен және сүйемелдеусіз жеке ән айту дағдыларын дамыту. | көжек).<br>**Д.О.** «Кім тез жауап береді?»<br>**Ойынның мақсаты:**<br>Шапшаңдыққа баулу, ой өрісін дамыту.<br>**Ойынның барысы:**<br>Берілген сұрақтарға тез әрі нақты жауап береді.<br>-Қоян қандай аң?<br>-Оның құлағы қандай?<br>-Оның құйрығы қандай?<br>-Қоян қайда мекендейді?<br>**Бірге жаттайық.**<br>Ақ қоян-ау, ақ қоян,<br>Ұзын құлақ сақ қоян.<br>Қаша берсең орманға,<br>«Қорқағым»- деп ат қоям.<br>**«Тапқыр қоян»** ертегісін еске түсіру. Ертегі мазмұнын айту.<br>**Сурет салу:** «Тапқыр қоян» ертегі желісі бойынша сурет салу.<br><br>**4.Дене шынықтыру.**<br>Негізгі қимылдар.<br>Секіру: алға айналдыра отырып ұзын және қысқа секіргішпен секіру, оң және сол аяқты алмастыра отырып арқаннан сызықпен секіру; тұрған орнында айналып секіру; биіктіктен секіру 20 см дейінгі биіктікке секіру.<br>**Ұйымдастыру кезеңі.**<br>Балалармен бірлесіп, жаттығу бағытын таңдап алу.<br>Бір, екі, екі бір,<br>Бізбен бірге жүр!<br>Үш, төрт, төрт, үш,<br>Кәне жина күш! |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | Өз тілңді құрметте!»-деп өсиет еткен.<br>**Музыкалық-ырғақты қимылдар:**<br>-Балалар, сендер тыңдаған «Ана тілін сүйеміз», орындаған «Ана тілін сүйемін» әндерінің әуені қандай? Сол әуенге сәйкес қандай би элементтерін, қимыл-қозғалыс жасағанды қалайсыңдар?<br>(балалардың қалауымен). | оңға және солға бұрылуды үйрету.<br>**Ойын барысы:** «Хоп!»-деген белгі бойынша тез қимыл жасай алуын дамыту, жоғарыға секіруді орындай алуға үйрету. Кеңістікті бағдарлай алуын бекіту. (жүргізушінің көрсеткен жағына бұрылу).<br>**Қимылды ойын.**<br>«Балапандар мен мысық»<br>**Бастапқы қозғалыс:**<br>Жай жүріс, жүгіру.<br>**Ойын барысы:** Балалар мұғаліммен бірге мысыққа жақындап:<br>Мыс-мыс-мысығым,<br>Қандай күшті пысығым.<br>Пеш түбінде ұйықтайды,<br>Көзін қатты қыспайды.<br>Балапанды ұстайды?<br>Мысық: «Мяу!»-деп балаларды қуа жөнеледі. | **Ән тыңдау:** «Ана тілін сүйеміз» К.Дүйсекеев.<br>-Ән қандай? (көңілді, қуанышты).<br>-Музыканың әуені сендерге ұнады ма?<br>**Ән айту:** «Ана тілін сүйемін» И.Нүсіпбаев.<br>-Әнде не туралы айтылады?<br>-Музыканың әуені сендерге ұнады ма?<br>-Сен өз еліңнің нағыз азаматы болу үшін ана тіліндеде таза сөйлеуің керек. Көп ойлан, жақсы сөйле, сөзің қысқа әрі нұсқа болсын. Ақын Қадыр Мырза Әли:<br>«Өзге тілдің бәрін біл, Өз тілңді құрметте!»-деп өсиет еткен.<br>**Музыкалық-ырғақты қимылдар:**<br>-Балалар, сендер тыңдаған «Ана тілін сүйеміз», орындаған «Ана тілін сүйемін» әндерінің әуені қандай? Сол әуенге сәйкес қандай би элементтерін, қимыл-қозғалыс жасағанды қалайсыңдар?<br>(балалардың қалауымен). | Біреу күлсе елеме,<br>Жаттығуды тастама,<br>Көп тырыссаң жетерсің,<br>Сен де бір күн жеңіске!<br>(жаттығулар жасау).<br>**Қимылды ойын:**<br>«Қояндар мен қасқыр»<br>**Ойынның мақсаты:** Шапшаңдыққа, тез жүгіруге үйрету.<br>**Ойын барысы:** Бір бала қасқыр болады. Ал қалған балалар қояндар болады. Қояндар өз үйлерінде тығылып жатады. Ал қасқыр өз апанында жатады.<br>Педагог:<br>-Секеңдеңдер қояндар,<br>-Жүгіріңдер, жортыңдр!<br>Дегенде қояндар үйлерінен шығып секеңдеп ойнайды. Осы кезде қасқыр апанынан шығып, қояндарды қуа жөнеледі. Ұстап алған қоянды қасқыр апанына апарады. Осылай 3-4 қоянды ұстағаннан кейін ойынды баска бала жалғастырады. Ойын 2-3 рет ойналады. |
| **Серуенге дайындық** | Серуендеуге деген қызығушылықты ынталандыру, арттыру. Киіну: жүйелік серуендеуге шығу, ережелерді сақтау, балалармен жеке әңгімелер жүргізу. | | | | |
| **Серуендеу** | №1.Ауа-райын бақылау. | №9. Аспанды бақылау. | №11.Топырақты бақылау. | №4 Желді бақылау. | №15 Күздегі өсімдіктердің түсін бақылау. |
| **Балалармен жеке жұмыс.** | ~~Бердишов Абдурахман.~~<br>**1.Сауат ашу негіздері. Қолға қалам аламыз,** | ~~Бердишов Абдурахман.~~<br>**1.Математика негіздері.**<br>«Санау әні» | ~~Бердишов Абдурахман.~~<br>**1.Көркем әдебиет.**<br>Кітаптар қарау. | ~~Бердишов Абдурахман.~~<br>**1.Сөйлеуді дамыту.**<br>Сурет бойынша | Бердишов Абдурахман.<br>**1.Сурет салу.**<br>Ағаштардың, |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **Әдемі етіп жазамыз.** (қолын жазуға жаттықтыру). | | **«Кітаптар мұңы»** ертегісін айту. | әңгімелеу. | жапырақтардың суретін салу. |
| **Балалардың үйге қайтуы.** | Балалардың жетістіктері туралы әңгіме, баланың тәрбиесі мен дамуы туралы ата-аналардың сұрақтарына жауап беру, кеңестер беру. | | | | |

Бекітемін:

**Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы.**

**Білім беру ұйымының атауы:** Т.Г.Шевченко атындағы жалпы білім беретін орта мектебі.
**Мектепалды** «0» А сыныбы.
**Балалардың жастары:** 5 жас.
**Жоспарлау күні:** 23.10.-27.10. 2023-2024 оқу жылы.

| Күн тәртібі | Дүйсенбі | Сейсенбі | Сәрсенбі | Бейсенбі | Жұма |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балаларды қабылдау** | Балаларды жақсы көңіл-күймен қарсы алу. Балалар үшін қолайлы жағдай жасау. Балалардың бүгінгі көңіл-күйі туралы әңгімелеу және оны не қызықтырады, баланың жеке пікірін білдіруге қатыстыру. | | | | |
| **Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен кеңесу, әңгімелесу** | Ата-аналармен баланың денсаулығы, үй режимі, тәрбиелеу, дамыту және оның жетістіктері туралы әңгімелер, кеңестер. | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу, қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар).** | **Д.О.** «Суреттер сөйлейді»<br>**Ойынның мақсаты:** Күз мезгілі туралы балалардың түсінігін кеңейту. Күз айында айналада болатын өзгерістерді, табиғаттағы ерекшеліктерді бақылай білуге үйрету.<br>**Ойын барысы:** Балалар күз тақырыбына сурет бойынша әңгіме құрастырады.<br>-Күз айының басқа жыл мезгілдерінен қандай айырмашылығы бар? | **Ән айту:** «Күзгі әуен»<br>А. Досмағамбет. | **Шығармашылық үзіліс.** «Кірпілер»<br>**Мақсаты:** Балаларға табиғи материалдар мен ермексазды пайдаланып, кірпінің мүсінін жасауды үйрету; шығармашылық қабілеттерін дамыту. | **Д.О.** «Суретті жина»<br>**Ойынның мақсаты:** Балаларды көлік түрлерімен таныстыруды жалғастыру. Білімдерін толықтыру.<br>**Ойын барысы:** Балалар екі топқа бөлінеді. Көліктердің суреті салынған парақ бірнеше бөлікке бөлініп, екі хатқалтаның ішінде болады. Әр топ балалары қағаз қиықтарын біріктіріп, көлік түрін құрастырады. | **Д.О.** «Айырмашылығын тап»<br>**Ойынның мақсаты:** Балалардың логикалық ойлау қабілетін, ес, зейінін дамыту.<br>**Ойын барысы:** Суретке қарап, суреттен қандай айырмашылық көріп тұрғанын айтады.<br> |
| **Ертеңгілік жаттығу.** | **Қазан айының 4-аптасына арналған жаттығу кешені. Мақсаты.** Балалардың жалпы даму жаттығуларын жасау арқылы балаларды шапшаңдыққа, дене бітімін дұрыс қаслыптасуына үйрету.<br>Салауатты өмір салтын сақтаймыз,<br>Жаттығудан ешқашан да қашпаймыз. | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетіне дайындық.** | **Шаттық шеңбері.**<br>Достар бері келіңдер,<br>Қолдарыңды беріңдер.<br>Шаттық толы шеңберге, | **Шаттық шеңбері.**<br>Бақыт толы шеңберге,<br>Шаттық толы шеңберге,<br>Қол ұстасып келдік біз, | **Шаттық шеңбері.**<br>Армысың алтын күн!<br>Армысың көк аспан!<br>Армысың достарым! | **Шаттық шеңбері.**<br>Ерте тұрып күнде мен,<br>Терезені ашамын.<br>«Сәлем!»- деймін күнге | **Шаттық шеңбері.**<br>Қуанамын мен де,<br>Қуанасың сен де.<br>Қуанайық достарым, |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Қуанышпен еніңдер! | Жан достармыз енді біз. | Сендерді көрсем қуанам. | мен,<br>Шаттық әнге саламын. | Арайлап атқан күнге! |
| **Кестеге сәйкес ұйымдастырылған іс-әрекет.** | **1.Сауат ашу негіздері.**<br>**Міндеттері:** Әрбір сөздің мағынасы болатыны туралы түсінік қалыптастыру, сөздің мағынасына қызығушылыққа баулу. Сөздерді дыбыстық талдау: сөздегі дыбыстардың ретін, дауысты және дауыссыз дыбыстарды ажырату.<br>**Ой қозғау:**<br>**Ертегілер еліне саяхат.**<br>«Дауысты және дауыссыз дыбыстардың достығы» (ертегіні еске түсіру).<br>**Д.О.** «Дыбыстарды ажырат»<br>**Ойынның мақсаты:** Дауысты және дауыссыз дыбыстарды ажырата білуге үйрету.<br>**Ойын барысы:** Үлестірмелі суреттердегі заттардың атын атайды, бастапқы дыбысын ажыратады, хатқалтаға ажыратып салады.<br>**Д.О.** «Талдау жасай білемін»<br>**Ойынның мақсаты:** Балаларға дыбыстық талдау жасай білуді үйрету.<br>**Ойын барысы:** Суреттер арқылы дыбыстық талдау жасайды, дауысты және дауыссыз дыбыстарды табады.<br><br>**2.Математика негіздері.** | **1.Сөйлеуді дамыту.**<br>**Міндеттері:** Сөздік қор. Сөйлегенде көп мағыналы сөздерді, синонимдер мен антонимдерді қолдану, белгілі бір затқа белгілерді, әрекеттерді және берілген әрекетке заттарды таңдай білу.<br>**Д.О.** «Қажетті сөзді ойла»<br>**Ойынның мақсаты:** Балаларды сөздерге қатысты тиісті тіркестерді таба білуге үйрету.<br>**Ойын барысы:** Педагог балаларға бірнеше сөздер ұсынады. **Мысалы:** Күз, сары, қызғылт сары, жапырақ, ағаш, құстар, кірпі, тиін, саңырауқұлақ, жаңғақ, жаңбыр, жел, салқын, бұлт, қолшатыр, күн, шөп, су. Балалар әр сөзге сәйкес сөз тіркестерін ойлап табуы қажет.<br>**Шығармашылық үзіліс.**<br>**Шарты:** Сурет салу.<br>**«Қоңыр күз»**<br>Күзгі табиғат көрінісін салу.<br>**Мақсаты:** Балаларды күз мезгілін бейнелеуге; композицияны әдемі, дұрыс құрастыра білуге үйрету; шығармашылық, қиялдау қабілеттерін дамыту.<br><br>**2.Қоршаған ортамен таныстыру.**<br>**Міндеттері:** Заттық әлем. Кеңістікті бағдарлау. Заттар, олардың белгілерін нақтылау және бейтаныс | **1.Сауат ашу негіздері.**<br>**Міндеттері:** Әрбір сөздің мағынасы болатыны туралы түсінік қалыптастыру, сөздің мағынасына қызығушылыққа баулу.<br>Сөздерді дыбыстық талдау: сөздегі дыбыстардың ретін, дауысты және дауыссыз дыбыстарды ажырату.<br>**Д.О.** «Қандай дыбыс?»<br>**Ойынның мақсаты:** Дауысты және дауыссыз дыбыстарды есту арқылы ажырата білуге және дыбыстық талдау жасауға үйрету.<br>**Ойын барысы:** Мұғалім дыбыстарды бір-бірден айтады. Егер дауысы бар әнші дыбыстарды естісе балалар **қызыл** дөңгелекті көтереді. Ал егер дауысы жоқ ән айтпайтын дыбысты естісе **көк** дөңгелекті көтереді.<br>**Д.О.** «Берілген дыбыспен сөздерді ата»<br>**Ойынның мақсаты:** Берілген дыбысқа сөз ойлап табу. Ойын арқылы балаларды тапқырлыққа баулу.<br>**Ойын барысы:**<br>Педагог кез-келген дыбысты айтады. Балалар сол дыбыстан басталатын сөздерді айтады.<br>**Мысалы:** А-болса:<br>**Балалар:** алма, алмұрт, автобус, асқабақ, ай, аққу.<br>**Д.О.** «Сөзге дыбыстық талдау жаса»<br>**Ойынның мақсаты:** Дауысты және дауыссыз дыбыстарды ажырата білу, сөздерге | **1.Сөйлеуді дамыту.**<br>**Міндеттері:** Сөздік қор. Сөйлегенде көп мағыналы сөздерді, синонимдер мен антонимдерді қолдану, белгілі бір затқа белгілерді, әрекеттерді және берілген әрекетке заттарды таңдай білу.<br>**Д.О.** «Керісінше айт»<br>**Ойынның мақсаты:** Антоним сөздерді дұрыс айтуға үйрету.<br>**Ойын барысы:** Педагог балаларды шеңберге тұрғызады да, қолындағы допты лақтырып, кез-келген бір сөзді айтады. Допты қағып алған бала сол сөзге керісінше сөз айтады.<br>Мысалы: биік-аласа, ұзын-қысқа, суық-ыссы.<br>**Д.О.** «Артық сөзді тап»<br>**Ойынның мақсаты:** Балалардың логикалық ойлау қабілеттерін арттыру.<br>**Ойын барысы:** Балаларға суреттер сериясы беріледі. Әрбір серия 4 суреттен тұрады, оның 3 суреті бір тектес және оларға тән ортақ қасиет бойынша біріктіріледі де 1 сурет алып тасталынады.<br>Суреттер сериясы:<br>.Түйе, жылқы, сиыр, қасқыр.<br>.Нан, сүт, ірімшік, | **1.Сауат ашу негіздері.**<br>**Міндеттері:** Қолды жазуға дайындау. Жазу кезінде арқаны дұрыс ұстау ережелерімен таныстыру. Жазу парағында бағдарлай білу, жазу жолы мен жоларалық кеңістікті ажырата білуге үйрету.<br>**Д.О.** «Көңілді сызбалар әлеміне саяхат»<br>**Ойынның мақсаты:** Әртүрлі бағыттағы тігінен, көлденең сызықтарды сала білуге үйрету.<br>**Ойын барысы:** Берілген сызбаларды, штрихтарды, жиектерді, ұзын, қысқа тік таяқшалармен әр түрлі өрнектер салады.<br>**Д.О.** «Үзік сызықтар»<br>**Ойынның мақсаты:** Балалардың қолдарын жазуға дайындау. Таза, ұқыпты жазуға үйрету.<br>**Ойын барысы:** Берілген үзік сызықтарды бастырып жазады.<br><br>**2.Математика негіздері.**<br>**Міндеттері:** Нүктелерді, өрнектерді салуға, тік және көлбеу таяқшаларды, қисық және қиғаш сызықтарды дәптердің тор көзінде сызуға үйрету.<br>**Д.О.** «Нүктелерді жалғастыр»<br>-Қандай сурет шықты? |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **Міндеттері:** Нүктелерді, өрнектерді салуға, тік және көлбеу таяқшаларды, қисық және қиғаш сызықтарды дәптердің тор көзінде сызуға үйрету.<br>**Жұмбақ жасыру.**<br>Көп-көп ине көп ине,<br>Бір сабағы жоқ ине.<br>Іс тікпейді әрине.<br>(кірпі).<br>Тіл алсаң тиме,<br>Үсті толған ине.<br>(кірпі).<br>Тұла бойы ине,<br>Тұмсығында түйме.<br>**Ой қозғау:**<br>Орманда кірпі келеді,<br>Саңырауқұлақ тереді.<br>Кездесті міне керегі,<br>Екеуі қайың астынан,<br>Біреуі терек астынан.<br>Қанша олар болмақ есепте,<br>Тоқылған салса себетке?<br>**Математикалық боямақ.**<br><br>**Нүктелерді қос.**<br><br>**Д.О.** «Математикалық пазлдар»<br>**Ойынның мақсаты:**<br>Балалардың логикалық | заттардың қолданылуын түсіну. Заттардың қандай материалдардан жасалғанын өз бетінше анықтау және талдау, олардың сапалары мен қасиеттерін сипаттау.<br>**Д.О.** «Заттың қасиетін анықта»<br>**Ойынның мақсаты:**<br>Заттардың қасиетін, оларды қолданылуын анықтау, ажырата білуді үйрету.<br>**Ойын барысы:** Ойынға 2 бала шығады. Суреттегі заттардың қасиетін анықта. Заттың атын атамай қасиетін ғана айт. Досың оның не екенін тапсын.<br>**Дәмі:** тәтті, ащы, тұзды, қышқыл.<br>**Материалы:** темір, ағаш, жібек, шыны, пласмасса.<br>**Д.О.** «Заттың атын ата»<br>**Ойынның мақсаты:**<br>Заттарды көріп, сипаттау арқылы балалардың сезімталдығын дамыту, сөздік қорын молайту.<br>**Ойын барысы:** Балаларға әртүрлі суреттер таратылып беріледі. Сонан соң балар сол затты жан-жақты сипаттайды және заттың атын атап, түр-түсін ажыратады.<br>**Д.О.** «Сипаттамасы бойынша таны»<br>**Ойынның мақсаты:**<br>Балалардың ойлау қабілетін арттыру. Сөздік қорын толықтыру.<br>**Ойын барысы:** Педагог бір затты сипаттайды. (доп, шар, машина, ұшақ т.б.)<br>Балалар сол заттың | дыбыстық талдау жасауды меңгерту.<br>**Ойын барысы:** Суреттегі заттарды ата. Сөзге дыбыстық талдау жаса:<br><br>**2.Математика негіздері.**<br>**Міндеттері:** Нүктелерді, өрнектерді салуға, тік және көлбеу таяқшаларды, қисық және қиғаш сызықтарды дәптердің тор көзінде сызуға үйрету.<br>**Кел жазайық!**<br>Тік және көлбеу таяқшаларды, қисық және қиғаш сызықтарды дәптердің тор көзінде сызу.<br>**Математикалық боямақ.**<br><br>**Д.О.** «Айырмашылығын тап»<br>**Ойынның мақсаты:**<br>Балалардың логикалық ойлау қабілеттерін дамыту.<br>Аңғарымпаздыққа баулу.<br><br>**Ойын барысы:** Балалар суретке қарайды. Суреттен қандай және қанша айырмашылық бар екенін | қаймақ.<br>Инелік, көбелек, қарлығаш.<br><br>**2.Қоршаған ортамен таныстыру.**<br>**Міндеттері:** Заттық әлем. Кеңістікті бағдарлау. Заттар, олардың белгілерін нақтылау және бейтаныс заттардың қолданылуын түсіну. Заттардың қандай материалдардан жасалғанын өз бетінше анықтау және талдау, олардың сапалары мен қасиеттерін сипаттау.<br>**Д.О.** «Аукцион»<br>**Ойынның мақсаты:**<br>Балаларды тапқырлыққа баулу.<br>**Ойын барысы:** Педагог балаларға жұмбақтар жасырады. Жұмбақтарды шешіп, күз сыйлығын ұтып ал!<br>(балаларға жұмбақтар жасыру).<br>**Д.О.** «Не қайда жатыр?»<br>**Ойынның мақсаты:**<br>Балалардың ой өрісін кеңейту, ойлау қабілетін дамыту.<br>**Ойын барысы:** Педагог балаларға кез-келген затты айтады. Ойынға қатысқан балалар сол заттың қайда жатқанын анықтап, сипаттайды.<br>**Д.О.** «Не өзгерді?»<br>**Ойынның мақсаты:**<br>Заттардың кеңістікте орналасуын бағдарлай алуын білуі. | <br>**«Жұлдызды аспан әлемі»**<br>Зымыранның жолын анықта.<br><br>**Қимылды ойын:**<br>Балаларды шаттық шеңберіне тұрғызып, **«Ғарыш әткеншегі»** ойынын ойнату.<br>**Шарты:** Ортада бір бала «Күн» болып тұрады. Қалған балалар күн жүйесіндегі ғаламшарлар.<br>**Мысалы:** Жер, Сатурн, Уран, Меркурий т.б.<br>Көңілді музыка әуенімен балалар **«Күнді»** айналып жүреді.<br>**3.Құрастыру.**<br>**Міндеттері:** Табиғи, қалдық материалдардан құрастыру. Табиғи |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | ойлау қабілеттерін арттыру.<br>**Ойын барысы:** Берілген қималардан шетінде тұрған сандарды ретімен қойып шығу арқылы бейне құрастыру.<br><br>**3.Көркем әдебиет.**<br>**Міндеттері:** Шығарма мазмұнын сюжеттің бірізділігін сақтай отырып эмоциямен қисынды қайталап айтып беру, диалогтік сөйлеуді дамыту, кейіпкерлерге және олардың әрекеттеріне өз көз қарасын білдіру. Әдеби кейіпкердің белгілі бір әрекетін өзінің қалай қабылдағаны туралы айту, кейіпкерлердің жасырын әрекетін түсіну.<br>**Жұмбақ жасыру.**<br>.Мұртын сипап күні бойы,<br>Бетін сусыз жуады.<br>Тысырды аңдып түні бойы,<br>Тышқанды көп қуады.<br>(мысық).<br>.Еріксе құйрығымен ойнайды,<br>Серіксе ұйқыға бір тоймайды.<br>(мысық).<br>.Есік кенет ашылып,<br>Ішке кірді жұмбақ аң.<br>Пеш түбінде тосып,<br>Отыр көзін қысып.<br>Абай бол, тышқан пысық.<br>Аңға шықты... .<br>-Балалар, сендердің үйлерінде мысық бар ма?<br>-Мысық не жейді?<br>-Мысықтың баласын не | сипаттамасы бойынша не екенін табады.<br>**Д.О.** «Не өзгерді?»<br>**Шарты:** Тақтаға түрлі суреттер белгілі ретпен орналасқан. Балалар көздерін жұмады. Суреттердің орны ауыстырылады. Көздерін ашқанда қай суреттің орны ауысқанын айтады.<br><br>**3.Қазақ тілі.**<br>**Міндеттері:** Таныс немесе бейтаныс ертегілер мен шағын көркем шығармалардың мазмұнын иллюстрациялар бойынша қайталап айтуға, тыңдалған көркем шығарма мазмұнын ретімен жүйелі түрде жеткізуге, кейіпкерлердің диалогын мәнерлі интонациямен беруге, шығарманы рөлдерге бөліп сомдауға, кейіпкерлердің мінез-құлқын жеткізуге баулу, шығарманы еркін талқылауға мүмкіндік беру.<br>**Д.О.** «Жалғастыр»<br>**Ойынның мақсаты:** Балалардың есте сақтау қабілеттерін арттыру.<br>**Ойын барысы:** Таныс ертегіні бір бала бастап айтады, тоқтаған жерінен басқа бала жалғастырады.<br><br>**4.Музыка.**<br>**Міндеттері:** Музыкаға қызығушылық пен сүйіспеншілікті қалыптастыру.<br>**Ән айту:** Ән айтуда дауыспен вокалдық-есту | табады.<br>**Д.О.** «Қандай сан жоқ?»<br>**Шарты:** Бос ұяшықтарға жоқ сандарды жаз.<br>[1][ ][3] [5][ ][7] [7][ ][9]<br>[2][ ][4] [6][ ][8] [4][ ][6]<br><br>**3.Көркем әдебиет.**<br>**Міндеттері:** Шығарма мазмұнын сюжеттің бірізділігін сақтай отырып эмоциямен қисынды қайталап айтып беру, диалогтік сөйлеуді дамыту, кейіпкерлерге және олардың әрекеттеріне өз көз қарасын білдіру. Әдеби кейіпкердің белгілі бір әрекетін өзінің қалай қабылдағаны туралы айту, кейіпкерлердің жасырын әрекетін түсіну.<br>**Д.О.** «Менің денем»<br>**Ойынның мақсаты:** Дене мүшелерін ажырата білуге үйрету, оларды дұрыс атау.<br>**Ойын барысы:** Сурет бойынша адамның дене мүшелерін атайды.<br>**«Көркем әдебиет орталығы»**<br>Е.Пермяктің<br>«Қол бізге не үшін керек?» әңгімесін тыңдайды, сұрақтарға жауап береді.<br>**Тыңда.**<br>**«Қол не үшін керек?»**<br>Немерелері атасын қатты жақсы көреді. Олар үнемі атасының қасында жүреді. Барлық тақырыпта атасымен сөйлеседі. Бір күні атасы немерелерінен сұрайды: | **Ойын барысы:**<br>Үстелдердің әрқайсысында бірнеше зат жатыр. Педагог балаларды заттардың бір-біріне қатысты орналасуын сипаттайтын сөздерді пайдалануға ынталандырады. Мысалы: қоян мысықтың оң жағында тұрды, ал қазір оның сол жағында тұр. т.б.<br>**ДО.** «Қай зат неден жасалған?»<br>**Ойынның мақсаты:** Балалардың ойлау қабілетін арттыру.<br>**Ойын барысы:** Педагог балаларға бір заттың атын атай отырып, допты лақтырады. Допты қағып алған бала жауап береді.<br>**Мысалы:**<br>Қарындаш-ағаштан жасалады. Кесе-шыныдан жасалады. Доп-резенкеден жасалады. т.б.<br><br>**3.Қазақ тілі.**<br>**Міндеттері:** Таныс немесе бейтаныс ертегілер мен шағын көркем шығармалардың мазмұнын иллюстрациялар бойынша қайталап айтуға, тыңдалған көркем шығарма мазмұнын ретімен жүйелі түрде жеткізуге, кейіпкерлердің диалогын мәнерлі интонациямен беруге, шығарманы рөлдерге бөліп сомдауға, | материалдарды дұрыс пайдалануға үйрету. табиғи және қалдық материалдармен жұмыс жасау кезінде өзінің әрекетін жоспарлау дағдыларын жетілдіру, дербестік пен шығармашылық танытып мақсатты түрде жұмыс жасай білу. Шығармашылық қиялды дамыту, көрнекілікке сүйене отырып елестетуі, ойлауы бойынша қолдан бұйымдар жасай білу. Ойынға қажетті құрлысты бірлесіп ойдан құрастыруға, алдағы жұмысты бірге жоспарлауға бірбірімен келісіп орындауға, дайын құрлыспен ойнауға мүмкімдік беру.<br>**Д.О.** «Қызықты жануарлар»<br>**Шарты:** Суреттегі жануарларды атайды. Жануарлардың неден жасалғанын айтып береді. Балапан. Балық. Тасбақа.<br>**Д.О.** «Қандай жануар?»<br>**Ойынның мақсаты:** Сурет бойынша сөз, сөйлемдер құрастыруға үйрету.<br>**Ойын барысы:** Бір бала хатқалтадан бір жануардың суретін алады, атын атайды, атаған жануары туралы әңгімелейді, қимылын көрсетеді.<br>**Шығармашылық үзіліс.**<br>«Ормандығы |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | деп атайды?<br>**Ертегі тыңдайық.**<br>«Балықшы мысық»<br>(ертегіні балаларға мәнерлеп оқып беру).<br>**Шығармашылық сәт.**<br>«Балықшы мысық» ертегісінің желісімен, ермексазбен жұмыс істеу.<br>**Шығармашылық жұмыс.**<br>.Мысығығыңның түсі қандай болатынын анықта.<br>.Ермексаздан мүсінде.<br>.Мысық туралы әңгіме құрастыр.<br>.Оны әңгімелеп бер.<br>**Қимылды ойын.**<br>«Балапандар мен мысық»<br>**Бастапқы қозғалыс:**<br>Жай жүріс, жүгіру.<br>**Ойын барысы:** Балалар мұғаліммен бірге мысыққа жақындап:<br>Мыс-мыс-мысығым,<br>Қандай күшті пысығым.<br>Пеш түбінде ұйықтайды,<br>Көзін қатты қыспайды.<br>Балапанды ұстайды?<br>Мысық: **«Мяу!»**-деп балаларды қуа жөнеледі.<br><br>**4.Дене шынықтыру.**<br>**Жалпы дамытушы жаттығулар.**<br>Қол және иық белдеуіне арналған жаттығулар: қолды кеуде тұсына қою, екі жаққа созу, қолды жоғары көтеру және екі жаққа созу, қолды желкеге қою. Саусақтарды айқастырып алға-жоғары көтеру (қолды сыртқы жағымен ішке қарай бұру). Қолды кезек | қабілетін үйлестіруді жетілдіру. Ән айту дағдыларын қалыптастыру, бірінші октаваның «ре», екінші октаваның «до» диапазонда жеңіл дауыспен ән айту, ән айтар алдында музыкалық фразалар арасында тыныс алу, әннің сөздерін анық айту, орташа, қатты және ақырын дауыспен ән айту.<br>**Билер:** Музыкаға сәйкес орындалатын би қимылдарын білу; би қимылдарының элементтерін жеңіл еркін орындау; қозғалыс бағытын музыкалық фразаларға сәйкес өзгерту.<br>**Кіріспе әңгіме:**<br>Балалармен отбасы мүшелері туралы әңгімелесу.<br>-Сендер отбасы дегенді қалай түсінесіңдер?<br>-Отбасы мүшелеріне кімдер жатады және олар қайда тұрады?<br>-Өз отбасың туралы айт.<br>**Музыка тыңдау:**<br>«Жан анам» Е.Өміров.<br>**Ән айту:** «Екеуміз әйбат баламыз» И.Нүсіпбаев.<br>«Бесік жыры» И.Нүсіпбаев.<br>**Музыкалық-ырғақты қимылдар:**<br>«Шеңберге тұр» Л.Бетховен.<br>**Билер:** «Тырналар биі» Д.Абиров. | -Балаларым, бізге қол не үшін керек?<br>-Ойын ойнау үшін ата-деп жауап береді.<br>-Тағы не үшін деп сұрайды атасы.<br>-Тамақ ішу үшін, мысық ұстау үшін, киімдерімізді кию үшін т.б. деп жауап береді.<br>Немерелері тек өзінің қолына өз қажеттіліктерін орындауға байланысты ойын айтты.<br>Атасы: немерелерім қол адамдарға тек заттарды ұстау үшін ғана емес, тағы да еңбек ету үшін, жақсылық жасау үшін керек қажет деп жауап берді.<br>-Әңгіме не туралы айтылған?<br>-Қол бізге не үшін керек?<br>Адамдардың қолынан көп нәрсе келеді екен. Қолмен әлемде болып жатқан өзгерістер мен жақсылықтың барлығы да қолмен жасалады. Адамдар қолдарымен еңбек ету арқылы бір-біріне жақсылық жасайды екен.<br>**Бірге жаттайық.**<br>«Не үшін?»<br>Екі көзің не үшін керек?<br>Жақсыларды көру үшін.<br>Екі құлақ не үшін керек?<br>Ақыл-кеңес тыңдау үшін.<br>Екі қолың не үшін керек?<br>Елге көмек беру үшін керек!<br>**Шебер қолдар.**<br>Балаларды үш топқа бөлу:<br>1-сурет салу.<br>2-жапсыру.<br>3-ермексазбен жұмыс.<br>(еркін тақырып, балалардың қалауымен).<br><br>**4.Дене шынықтыру.** | кейіпкерлердің мінез-құлқын жеткізуге баулу, шығарманы еркін талқылауға мүмкімдік беру.<br>**Ертегілер елінде.**<br>Түлкі мен тырна ертегісімен балаларды таныстыру.<br>**Д.О.** «Түлкі мен тырна»<br>**Ойынның мақсаты:**<br>Сыйластыққа, адалдыққа, шынайы дос бола білуге тәрбиелеу. тәрбиелеу.<br>**Ойынның барысы:**<br>Балалар ертегіні тыңдайды, сұрақтарға жауап береді.<br>-Қалай ойлайсыңдар осы ертегіде түлкі мен тырна бір біріне қандай конакжайлылык көрсетті?<br>-Балалар, сендер осы ертегіні басқаша қалай аяқтар едіңдер?<br>-Келесі жолы түлкі мен тырна қонақтарын қалай күтеді деп ойлайсыңдар?<br>**Шығармашылық жұмыс:** Балалар ертегі жақсы аяқталуы үшін біз түлкі мен тырнаға ермексаздан әдемі ыдыстар жасап берейік.<br>Ертегі кейіпкерлерін атайды, ертегідегі әр кейіпкердің мінезін сипаттайды.<br><br>**4.Музыка.**<br>**Міндеттері:** Музыкаға қызығушылық пен сүйіспеншілікті | мекендеушілер»<br>**Мақсаты:** Табиғи материалдардан ұсақ заттар жасай білуге үйрету. Оларды пайдалана отырып әртүрлі бейнелер жасай білу дағдыларын қалыптастыру.<br>Шығармашылық ойлау қабілеттерін дамыту.<br>Ұқыпты жұмыс жасауға тәрбиелеу.<br>**Жұмбақ жасыру.**<br>Есек құлақты,<br>Мысық аяқты.<br>Түйе ерінді,<br>Ешкі құйрықты.<br>Халық «қу»-деп,<br>Күлкі еткен.<br>Айласы көп,<br>Бұл не?<br>(түлкі).<br>Қорбаң-қорбаң етеді,<br>Орман оның мекені.<br>Тәтті балға тойып ап,<br>Қыста ұйқыға кетеді.<br>(аю).<br>Тақтаға жұмбақтың шешуі болған аңдар ілінеді.<br>**Қимылды ойын:**<br>«Ормандағы жануарлар»<br>**Ойын барысы:** Балалар бірге айтады, аңдардың қимылын жасайды.<br><br>Біз орманға барамыз,<br>Онда аюды көреміз.<br>Желкемізде қолымыз,<br>Теңселе басып жүреміз.<br>Алдымызда талдардан,<br>Жылтыңдаған қу түлкі.<br>Біз түлкіні алдаймыз,<br>Жүгіріп басып |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | жоғары-артқа көтеру.<br>**Қимыл-қозғалыс ойыны:** «Нысана»<br>**Ойынның мақсаты:** Ойын барысында балаларды шапшаңдыққа, икемділікке баулу, қызығушылықтарын арттыру.<br>**Ойын барысы:** Оң және сол қолмен желдетіп, көздеп лақтыру кезінде қалыпты жағдайды сақтай білу.<br>**Қимыл-қозғалыс ойыны:** «Қарлығаш»<br>**Ойын барысы:** Ойыншылардың санына сәйкес шеңберлер қойылады. Бұл – қарлығаштардың үйі. Балалар (қарлығаштар) қанаттарын жайып ұшады. **«Қарлығаш, қарлығаш, қарлығаш – біздің үйге ұшып кел!»**-деген сөзден кейін үйлеріне (шеңберге) кіреді. | | **Жалпы дамытушы жаттығулар.**<br>Қол және иық белдеуіне арналған жаттығулар: қолды кеуде тұсына қою, екі жаққа созу, қолды жоғары көтеру және екі жаққа созу, қолды желкеге қою. Саусақтарды айқастырып алға-жоғары көтеру (қолды сыртқы жағымен ішке қарай бұру). Қолды кезек жоғары-артқа көтеру.<br>**Қимыл-қозғалыс ойыны:** «Кім озды?»<br>**Ойынның мақсаты:** Балаларды әртүрлі жарысқа қатысуға үйрету. Балаларды достарының жеңісіне жеткеніне қуануға үйрету, дағдыландыру.<br>**Ойын барысы:** Кім бұрын жылжиды, кім бұрын озады. Сол жеңіске жетеді.<br>**Қимыл-қозғалыс ойыны:** «Нысана»<br>**Ойынның мақсаты:** Ойын барысында балаларды шапшаңдыққа, икемділікке баулу, қызығушылықтарын арттыру.<br>**Ойын барысы:** Оң және сол қолмен желдетіп, көздеп лақтыру кезінде қалыпты жағдайды сақтай білу.<br>**Д.О.** «Іздің құпиясын кім тез табады?»<br>**Ойынның мақсаты:** Қашықтықты бағыттай білу, зеректілік қабілеттерін бекіту. Не себепті құстардың ізі үзілетінін түсіндіру. | қалыптастыру.<br>**Ән айту:** Ән айтуда дауыспен вокалдық-есту қабілетін үйлестіруді жетілдіру. Ән айту дағдыларын қалыптастыру, бірінші октаваның «ре», екінші октаваның «до» диапазонда жеңіл дауыспен ән айту, ән айтар алдында музыкалық фразалар арасында тыныс алу, әннің сөздерін анық айту, орташа, қатты және ақырын дауыспен ән айту.<br>**Билер:** Музыкаға сәйкес орындалатын би қимылдарын білу; би қимылдарының элементтерін жеңіл еркін орындау; қозғалыс бағытын музыкалық фразаларға сәйкес өзгерту.<br>**Музыка тыңдау:** «Жан анам» Е.Өміров.<br>**Ән айту:** «Екеуміз әйбат баламыз» И.Нүсіпбаев. «Бесік жыры» И.Нүсіпбаев.<br>**Музыкалық-ырғақты қимылдар:** «Шеңберге тұр» Л.Бетховен.<br>**Билер:** «Тырналар биі» Д.Абиров. | қалмаймыз.<br><br>Қояндарды көреміз,<br>Қоянға ұқсап жүреміз.<br>Қолымызды алға ұстап,<br>Секіре басып келеміз.<br><br>Балаларды еменжапырақпен таныстыра отырып үлгі бойынша талдау жасау:<br><br>-балалармен құстарды, аңдарды немесе баланың ненің бейнесін жасағысы келетінін келісіп алады;<br>-еменжаңғақты қалай пайдалану керектігін көрсете отырып, түсіндіру;<br>-жаңғақты тігінен немесе көлденеңнен пайдалану заттың пішініне сәйкес екенін ескерту, дене бөліктеріне сай келетін табиғи материалдарды таңдап алу;<br>-оларды заттың пішініне ұқсастыра отырып бір-бірімен ермексаз арқылы жабыстыру;<br>-ұсақ дене бөліктерін (құлағы, көзі, қолға ұстайтын заттары) толықтырылады;<br>-жасалған жұмыстарды ұжымдық жұмыс ретінде тұтас көрініс бере орналастыру.<br>**Сергіту сәті.**<br>Біз орманға барайық,<br>Жан-жағымызға қарайық.<br>Аю келді қорбаңдап,<br>Қасқыр келді ырылдап.<br>Түлкі шықты майысып, |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | Қоян шықты секіріп.<br>Қорықпаңдар балалар,<br>Қарап-қарап алыңдар.<br>**Қортынды.**<br>-Орманда нелер мекендейді?<br>-Орманды мекендеушілерді атаңдар.<br>Балаларды мадақтау.<br>Үстел үстіне орман көрінісі дайындалады, балалар өздері жасаған аңдарын әкеп орналастырады. Өз еңбегінен рахат алу.<br><br>**4.Дене шынықтыру.**<br>**Жалпы дамытушы жаттығулар.**<br>Қол және иық белдеуіне арналған жаттығулар: қолды кеуде тұсына қою, екі жаққа созу, қолды жоғары көтеру және екі жаққа созу, қолды желкеге қою.<br>Саусақтарды айқастырып алға-жоғары көтеру (қолды сыртқы жағымен ішке қарай бұру). Қолды кезек жоғары-артқа көтеру.<br>**Негізгі кезең.**<br>«Музыкалы ғаламшар»<br>**Шарты:** Біркелкі тыныс алып, ырғақтық гимнастика жасау. Жаттығуларды дұрыс жасау, басқалармен бірдей жасау.<br>**«Секектегіш»** ғаламшары.<br>**Шарты:** Бұл ғаламшарда балалар секіріп жүреді. Екі аяқтап биіктігі 20-30 |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | см заттардан аттап секіру. **«Жорғалаушылар»** ғаламшары. **Шарты:** Балалар жартылай отырып, тізерлеп, еңбектеп, жорғалап жүреді. **«Сиқырлы ғаламшар» Шарты:** Балалар залға шашырап бытыраңқы жүрісі орындайды. Әртүрлі музыка әуенімен сәйкес қимылдар жасайды. Шапшаң әуенге үлкен адымдап, қолын жоғары көтеріп жүреді. Баяу әуенге кішкентай қадамдар жасап қолдарын беліне қойып жүреді. «Лақтыр да, қағып ал» **Ойын барысы:** Балалар үш тізбекте тұрады. Бірінші ойыншылардан 2 м арақашықтықта доп ұстаған жүргізушілер тұрады. Педагогтің белгісі бойынша олар бірінші ойыншыларға допты лақтырады. Ал олар жүргізушіге допты қайта лақтырып, өздері тізбектің артына барып тұрады. Бірінші бала тізбектің басына қайтып оралғанда ол қолын көтереді. Тапсырманы жылдам орындаған топ жеңіске жетеді. |
| **Серуенге дайындық** | Серуендеуге деген қызығушылықты ынталандыру, арттыру. Киіну: жүйелік серуендеуге шығу, ережелерді сақтау, балалармен жеке әңгімелер жүргізу. | | | | |
| **Серуендеу** | №8 Күзгі жапырақтарды | №9 Алтын күзді бақылау. | №1 Жаңбырды бақылау. | №4 Желді бақылау. | №15 Күздегі |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | бақылау. | | | | өсімдіктердің түсін бақылау. |
| **Балалармен жеке жұмыс.** | Амангелді Дәулеткелді. **1.Сауат ашу негіздері. Қолға қалам аламыз, Әдемі етіп жазамыз.** Нүктелер мен үзік сызықтарды көрсетілген бағыттары бойынша бастыр. | Амангелді Дәулеткелді. **1.Математика негіздері.** Нүктелерді, өрнектерді салуға, тік және көлбеу таяқшаларды, қисық және қиғаш сызықтарды дәптердің тор көзінде сызуға үйрету. | Амангелді Дәулеткелді.. **1.Көркем әдебиет.** Таныс ертегіні айту. | Амангелді Дәулеткелді. **1.Сөйлеуді дамыту.** Күз туралы тақпақтарды жаттау. | Амангелді Дәулеткелді. **1.Сурет салу.** Қалауы бойынша еркін тақырыпта сурет салу. |
| **Балалардың үйге қайтуы.** | Балалардың жетістіктері туралы әңгіме, баланың тәрбиесі мен дамуы туралы ата-аналардың сұрақтарына жауап беру, кеңестер беру. | | | | |

Бекітемін: [signature]

## Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы.

**Білім беру ұйымының атауы:** Т.Г. Шевченко атындағы жалпы білім беретін орта мектебі.
**Мектепалды** «0» А сыныбы.
**Балалардың жастары:** 5 жас.
**Жоспарлау күні:** 06.11.-10.11. 2023-2024 оқу жылы.

| Күн тәртібі | Дүйсені | Сейсенбі | Сәрсенбі | Бейсенбі | Жұма |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балаларды қабылдау** | Балаларды жақсы көңіл-күймен қарсы алу. Балалар үшін қолайлы жағдай жасау. Балалардың бүгінгі көңіл-күйі туралы әңгімелеу және оны не қызықтырады, баланың жеке пікірін білдіруге қатыстыру. | | | | |
| **Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен кеңесу, әңгімелесу** | Ата-аналармен баланың денсаулығы, үй режимі, тәрбиелеу, дамыту және оның жетістіктері туралы әңгімелер, кеңестер. | | | | |
| **Балалардың дербес әркеті (баяу, қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар).** | **Ән айту:** «Күзгі әуен» А. Досмағамбет. | **Суретпен жұмыс.** «Қандай көлік түрлерін білесіңдер?»-деген сұраққа сурет бойынша көшедегі көлік түрлерін атап шығады.<br>-Алыс жол жүріп көрдіңдер ме?<br>-Өзің қандай көлікті ұнатасың?<br>**Д.О.** «Төртіншісі артық»<br>Педагог көлік түрлерінің суреттерін көрсетіп тұрып, олардың аттарын атайды. Балалар аталған көлік түрлерінің артығын тауып айтады және оның неге артық екенін дәлелдейді.<br>-Камаз, Тайота, Жигули, Мерседес.<br>-Камаз артық. Өйткені ол-жүк тиейтін машина. Жигули, Тайота, Мерседес-жеңіл көліктер. | **Д.О.** «Бұл қай жануар?»<br>**Ойынның мақсаты:** Балалардың сөздік қорын молайту, тілін дамыту.<br>**Ойынның барысы:** Балаларға жануарлардың суреттері көрсетіледі. Олардың қайда өмір сүретіні сұралады, олардың немен қоректенетінін айтады. | **Шығармашылық үзіліс.**<br>Сурет салу оңай ма?<br>Жұртқа өнерің ұнай ма?<br>Мұның бәрі түк емес,<br>Талаптыға алайда.<br>(Балаларға өз қалауы бойынша еркін тақырыпта сурет салғызу). | **Д.О** «Құстар»<br>**Ойынның мақсаты:** Құстар туралы білімдерін толықтыру. Құстарға қамқор болуға тәрбиелеу.<br>**Ойын барысы:** Суреттер бойынша құстарды екі тоқа топтпстыру. Жыл құстары және отырықшы құстар. |
| **Ертеңгілік жаттығу.** | **Қараша айының 1-аптасына арналған жаттығу кешені. Мақсаты.** Балалардың жалпы даму жаттығуларын жасау арқылы балаларды шапшаңдыққа, дене бітімін дұрыс қаслыптасуына үйрету.<br>Салауатты өмір салтын сақтаймыз,<br>Жаттығудан ешқашан да қашпаймыз. | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетіне дайындық.** | **Д.О.** «Ай аттары»<br>**Ойынның мақсаты:** Күз мезгілінің айлары: қыркүйек, | **Шаттық шеңбері.**<br>-Балалар, дөңгелене тұрып, шаттық шеңберін құрайық. | **Шаттық шеңбері.**<br>Ерте тұрып күнде мен,<br>Тереземді ашамын. | **Шаттық шеңбері.**<br>«Жарқын күн»<br>**Шарты:** Балалар шеңбер | **Шаттық шеңбері.**<br>Бақыт толы шеңберге,<br>Шаттық толы шеңберге, |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | қазан, қараша ретімен атау.<br>**Ойын барысы:** Күз мезгілінің айларын ретімен атайды. Күз айлары ерекшеліктері туралы әңгімелейді.<br>**Д.О.** «Аукцион»<br>**Ойынның мақсаты:** Балаларды тапқырлыққа баулу.<br>**Ойын барысы:** Педагог балаларға жұмбақтар жасырады. Жұмбақтарды шешіп, күз сыйлығын ұтып ал! | Бір-бірімізбен амандасып, жылы тілектер айтайық.<br>-Қайырлы күн!<br>-Сіздерді көргеніме қуаныштымын!<br>-Енді бір-бірімізге мақтау сөздер айтайық:<br>-Сен әдемісің.<br>-Сен мейірімдісің.<br>-Сен ақылдысың.<br>-Сен адал доссың.<br>Қуанамын мен де,<br>Қуанасың сен де.<br>Қуанайық достарым,<br>Арайлап атқан күнге! | «Сәлем!»- деймін күнге мен,<br>Шаттық әнге саламын. | бойымен айнала алақандарын түйістіріп ұстап отырып бір-біріне күн жылуын береді.<br>**-Күн:** «Балалар мен сендерді жақсы көремін! Сендердің көздеріңді, күлкілерің мейірімді, қамқор қолдарыңды жақсы көремін! Мен сендердің терезелеріңнен қарап, осындай ұйымшыл, ақылды балаларды көре алатыныма қуанамын! Осы қуанышым маған одан да жарық болып жануға, өз жылуымды баршаңа сыйлауға көмектеседі. Кәне бір-бірiңмен қол ұстасып, менің жылуымды сезініңдер. Сендер оны бір-біріңе сыйлаңдар!» | Қол ұстасып келдік біз,<br>Жан достармыз енді біз. |
| **Кестеге сәйкес ұйымдастырылған іс-әрекет.** | **1.Сауат ашу негіздері.**<br>**Міндеттері:** Буын туралы ұғымдарды қалыптастыру, сөздерді буындарға бөлу, олардың саны мен ретін анықтау. Буындардан сөздер құрастыруға (ауызша) үйрету.<br>**Д.О.** «Суреттің жартысын тауып, буынды қосып айт»<br>**Ойынның мақсаты:** Суреттердің жартысын тауып, буындарды қосып айтуға үйрету. балалардың ойлау, сөйлеу тілін дамыту.<br>**Ойын барысы:** Әр балаға суреттердің жарты бөлігі таратылады. Суретке қарап, балалар буынның жалғасын айтады.<br>**Мысалы:** кесе, маса, ара, бала, бота, айна, бақа. т.б. | **1.Сөйлеуді дамыту.**<br>**Міндеттері:** Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Сөйлеуде интонациялық мәнерлілік құралдарын қолдану: дауыс қарқынын, логикалық үзіліс пен екпінді реттеу.<br>**Шығармашылық үзіліс.**<br>**Ән айту:** «Күз келгенде»<br>**Ой қозғау:**<br>**Д.О.** «Тез жауап бер»<br>**Ойынның мақсаты:** Балалардың логикалық ойлау қабілеттерін дамыту.<br>**Ойын барысы:** Балалар қойылған сұрақтарға тез әрі нақты жауап береді.<br>-Қазір жылдың қай мезгілі?<br>-Күз екенін қайдан білдіңдер? | **1.Сауат ашу негіздері.**<br>**Міндеттері:** Буын туралы ұғымдарды қалыптастыру, сөздерді буындарға бөлу, олардың саны мен ретін анықтау. Буындардан сөздер құрастыруға (ауызша) үйрету.<br>**Д.О.** «Сөзде қанша буын бар?»<br>**Ойынның мақсаты:** Сөздегі буын санын анықтай білуге үйрету.<br>**Ойын барысы:** Сөздерді буынға бөледі. Сөздегі буын санын анықтайды. **Мысалы:** ба-ла-пан. ( сөзде үш буын бар). қо-ша-қан, ти-ін, а-ю т.б.<br>**Д.О.** «Буыны көп сөз қайсысы?» | **1.Сөйлеуді дамыту.**<br>**Міндеттері:** Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Сөйлеуде интонациялық мәнерлілік құралдарын қолдану: дауыс қарқынын, логикалық үзіліс пен екпінді реттеу.<br>**Сөздік ойын:** «Тамаша күн!»<br>**Шарты:** Балалар қойылған сұрақтарға басбармағын көрсете отырып **«Тамаша!»**-деп жауап береді.<br>-Бүгінгі көңіл-күйлерің қалай?<br>-Ауа-райы қандай?<br>-Күз мезгілі қандай?<br>-Таза ауамен демалған қандай? | **1.Сауат ашу негіздері.**<br>Геометриялық фигуралардың, көкөністер, жеміс-жидектердің дайын суреттердің сыртын шетке шығармай бастырып бояу.<br>**Д.О.** «Тапқыр болсаң шешіп көр»<br>**Ойынның мақсаты:** Балалардың ойлау қабілеттерін арттыру. Жұмбақ шеше білуге үйрету.<br>**Ойын барысы:** Балаларға жұмбақ жасыру.<br>Допқа өзі ұқсайтын,<br>Ерекше бір пішін бар.<br>Ол пішінді кім табар? |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **Еркін ойын:** «Сөзді айтуға көмектес»<br>**Ойынның мақсаты:** Сөздерді толық әрі дұрыс айтуға үйрету.<br>**Ойын барысы:** Педагог сөздің бірінші буынын айтады, ал балалар сол буынға қатысты сөзді тауып жалғастырады.<br>**Мысалы:** Ал-ма, қо-ян. т.б.<br><br>**2.Математика негіздері.**<br>**Міндеттері:** Шама. Заттардың (5 және одан артық) ұзындығын, биіктігін, ені мен жуандығын анықтай білу, заттарды шамасына қарай өсу және кему ретімен орналастыру. Шамасы бойынша заттардың арасындағы қатынастарды білдіретін математикалық терминдерді қолдану.<br>**Д.О.** «Ұзын-қысқа жолдар»<br>**Ойынның мақсаты:** Ұзын-қысқа ұғымдарын білу. Білімдерін толықтыру.<br>**Ойын барысы:** Балалар суретке қарайды. Сурет бойынша ертегі мазмұнын қысқаша айтады және Қызыл телпекке әжесіне тез жетуі үшін ең қысқа жолды тауып береді.<br>**Д.О.** «Биік шарбақтар»<br>**Ойынның мақсаты:** Бикаласа ұғымдарын білу білімдерін толықтыру.<br>**Ойын барысы:** Түрлі-түсті қатты картон қағаздардан биік шарбақтар жасау.<br><br>**3.Көркем әдебиет.**<br>**Міндеттері:** Балалардың | -Күз мезгілінің айларын атайық.<br>-Күз мезгілінің қандай ерекшеліктері бар?<br>-Ағаштар қалай өзгереді?<br>-Күзде жиі-жиі не жауады?<br>-Күз мезгілі несімен ұнайды?<br>**Жұмбақты шеш.**<br>Өрік, алма,<br>Жидек, жүзім піседі.<br>Қауын, қарбыз,<br>Қияр, сәбіз<br>Дүкендерге түседі.<br>Астық пісіп,<br>Орақ түсіп,<br>Қырман дәнге толады.<br>Айтыңдаршы бөбектерім,<br>Бұл қай кезде болады?<br>**Сұрақ-жауап.**<br>-Жемістер мен көкөністер жылдың қай мезгілде піседі?<br>-Алма мен алмұртты пішіні, түрі, дәмі бойынша салыстыр.<br>-Көкөністерден қандай тағамдар жасалады?<br>-Жемістерден қандай тағамдар жасауға болады?<br>-Ащы және тәтті көкөністерді ата.<br>-Қысқа сақтауға және тұздауға болатын көкөністерді ата.<br>-Қандай көкөністерді шикілей жеуге болады?<br>**Сергіту сәті.**<br>**Шарты:** Көкөністің атын естісе отырады, жемістің атын естісе қолдарын жоғары көтереді.<br>**Д.О.** «Төртіншісі артық»<br>**Ойынның мақсаты:** Балалардың логикалық ойлау қабілеттерін арттыру. | **Ойынның мақсаты:** Сөздегі буын санын анықтауға үйрету.<br>**Ойын барысы:** Педагог балаларға бірнеше сөздерді айтады. Балалар сөздегі буын санын анықтап айтады.<br>**Еркін ойын:** «Сөзді айтуға көмектес»<br>**Ойынның мақсаты:** Сөздерді толық әрі дұрыс айтуға үйрету.<br>**Ойын барысы:** Педагог сөздің бірінші буынын айтады, ал балалар сол буынға қатысты сөзді тауып жалғастырады.<br>**Мысалы:** Ти-ін, қо-ян, жаң-ғақ. т.б.<br><br>**2.Математика негіздері.**<br>**Міндеттері:** Шама. Заттардың (5 және одан артық) ұзындығын, биіктігін, ені мен жуандығын анықтай білу, заттарды шамасына қарай өсу және кему ретімен орналастыру. Шамасы бойынша заттардың арасындағы қатынастарды білдіретін математикалық терминдерді қолдану.<br>**Д.О.** «Ұзын-қысқа»<br>**Ойынның мақсаты:** Заттардың ұзындығы, биіктігі, ені мен жуандығын анықтай білуге үйрету.<br>**Ойын барысы:** Балаларға ұзын және қысқа жолақшаларды көрсету. Өлшемін анықтау. Балаларға жолақшаларды таратып беру. Жолақшалардың ішінен бірдей жолақшаны табуға тапсырма беру. | -Біздің табиғатымыз қандай?<br>**Суретпен жұмыс.** «Бақшадағы еңбек» (сурет бойынша әңгімелеу).<br>-Суретте қай жыл мезгілі бейнеленген?<br>-Балалар қайда жүр?<br>-Олар не істеп жатыр?<br>-Осы суреттер бойынша көкөністерді тауып ата.<br>**Жұмбақтарды шешейік.**<br>**Мақсаты:** Жұмбақтар жасыру арқылы тапқырлыққа, алғырлыққа үйрету.<br>Ұрмай-соқпай жылатады,<br>Бәрі оны ұнатады.<br>(пияз).<br>Әр желіннің асты толған көк қоян,<br>Жаз болғанда көк қоянды жеп қоям.<br>(қияр).<br>Бұйра тұлымы желмен ойнайды,<br>Қызыл мұрыны жерге бойлайды.<br>(сәбіз).<br>Тігіп алып көк шатыр,<br>Қызыл-күрең доп жатыр.<br>(қызылша).<br>Аласа ғана бойы бар,<br>Қабат қабат тоны бар.<br>(орамжапырақ).<br>Доптар жатыр желісі бар,<br>Қабат қабат киімі бар.<br>(орамжапырақ).<br>Сәбіз, қызылша, орамжапырақ сөздеріне сөйлем құрастыру.<br>**Бірге жаттайық.**<br>«Күз-береке» | (дөңгелек).<br>Төрт бұрышы бар,<br>Төрт қабырғасы бар.<br>(төртбұрыш).<br>Атына сай балалар,<br>Үш бұрыш, үш жағы бар.<br>Ол пішінді кім табар?<br>(үшбұрыш).<br>**Д.О.** «Пішіндерді боя»<br>Түстерді танып білуге үйрету.<br>**Ойынның мақсаты:** Пішіндер туралы білімдерін толықтыру. Түстерді ажырата білуге үйрету.<br>**Ойын барысы:** Балаларға пішіндер салынған қағаздар таратылып беріледі. Бұл суреттегі пішіндер боялмаған. Педагог балаларға тақтаға боялған пішіндерді ұсынады. Балалар сол тақтадағы түстерге қарап алдарындағы пішіндерді сондай түспен бояйды.<br>**Д.О.** «Қандай пішін жетіспейді?»<br>**Ойынның мақсаты:** Геометриялық пішіндерді атай білуге үйрету. Балалардың ойлау қабілетерін арттыру.<br>**Ойын барысы:** Тақтаға геометриялық пішіндер ілінеді. Педагог балаларға көздеріңді жұмыңдар деп бір пішінді алып қояды. Балалар көздерін ашқанда қандай пішін жоқ екенін айтады. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | назарын кітаптың безендірілуіне, иллюстрацияларына аудару. Баланың басқа құрдастарымен және ересектермен түрлі дереккөздерден: ғаламтордан, теледидардан, жақындарының әңгімесінен алған ақпараттарымен, әсерлерімен бөлісуіне мүмкімдік беру. Айналасында болып жатқан оқиғаларға өзінің көзқарасын білдіруге құлшынысын дамыту, сөйлегенде мақал-мәтелдерді қолдану.<br>**Мектепішілік кітапханаға сахат.**<br>«Кітап-сарқылмас рухани қазына»<br>**Ойынның мақсаты:** Балалардың кітапқа деген қызығушылығын арттыру, кітапты құрметтей білуге, ұқыпты ұстауға баулу.<br>**«Кітап деген не?»** деген сұраққа балалар өз жауаптарын айтады.<br>**Д.О.** «Кітап-біздің досымыз»<br>**Ойынның мақсаты:** Балалардың кітапқа деген қызығушылығын арттыру.<br>**Ойын барысы:** Балалар кітап бұрышындағы кітаптарды қарайды, танысады, ондағы таныс ертегілер мен әңгімелерді айтады.<br>**Д.О.** «Тапқыр болсаң шешіп көр»<br>**Ойынның мақсаты:** Балалардың ой өрісін, ойлау қабілетін дамыту.<br>**Ойын барысы:** Жұмбақтарды шешеді. | **Ойын барысы:** Аталған сөздердің ішінен қайсысы артық екенін табады. Не үшін артық болып тұрғанын айтады.<br>Алма, алмұрт, өрік, жүзім, шие, **қияр.**<br>Қияр, қызанақ, сәбіз, қызылша, орамжапырақ, **алма.**<br>**Д.О.** «Не қайда өседі?»<br>**Ойынның мақсаты:** Көкөністер мен жеміс-жидектердің қайда өсетінін ажырата білуге үйрету.<br>**Ойын барысы:** Бақта жемістер мен жидектер, бақшада көкөністердің өсетінін айтады.<br>**Шығармашылық үзіліс:**<br>***Жапсыру:*** «Қысқа дайындық»<br>**Шарты:** Балалар дайын банкаға жемістер мен көкөністерді жапсырады.<br><br>**2.Қоршаған ортамен таныстыру.**<br>Еңбекке баулу. Ата-ана еңбегін түсіну, адамдардың еңбектеріндегі өзара байланыстарды байқау. Еңбек ардагерлерін, қарттарды құрметтеу, үлкенді сыйлау, олардың еңбегін бағалау.<br>**Д.О.** «Кім болам?»<br>**Ойынның мақсаты:** Балалардың әртүрлі мамандықтар туралы білімдерін толықтыру.<br>**Ойын барысы:** Болашақта өздерінің қандай маман иесі болғысы келетіні жөнінде әңгімелерін, | **Д.О.** «Кімнің бойы ұзын екенін айт»<br>**Ойынның мақсаты:** Биік-аласа, ұзын-қысқа туралы түсініктерін бекіту.<br>**Ойын барысы:** Суреттегі аңдардың бойын салыстыр. Қай аңның бойы ұзын? Қай аңның бойы қысқа?<br><br>**3.Көркем әдебиет.**<br>**Міндеттері:** Балалардың назарын кітаптың безендірілуіне, иллюстрацияларына аудару. Баланың басқа құрдастарымен және ересектермен түрлі дереккөздерден: ғаламтордан, теледидардан, жақындарының әңгімесінен алған ақпараттарымен, әсерлерімен бөлісуіне мүмкімдік беру. Айналасында болып жатқан оқиғаларға өзінің көзқарасын білдіруге құлшынысын дамыту, сөйлегенде мақал-мәтелдерді қолдану.<br>**«Кітап-біздің досымыз»**<br>Кітапты мен сүйемін,<br>Кітаптар бар біздерде.<br>Суреттері ғажайып,<br>Ертегілер еліне,<br>Шақырады біздерді.<br>Бәрін білгім келеді,<br>Қайдан? Неге? Не үшін?<br>Мен әуесқой баламын,<br>Бәрін біліп аламын.<br>Өскен кезде өйткені,<br>Үлкен ғалым боламын.<br>**«Ертегілер елі»**<br>«Кітаптар мұңы» (балаларды жаңа ертегімен таныстыру, мәнерлеп оқып | Берекесін сыйлауға,<br>Өлкемізге күз келді.<br>Жемістерін жинауға,<br>Шақырады біздерді.<br>**Д.О.** «Сөз ойла, тез ойла, көп ойла»<br>**Ойынның мақсаты:** Балалардың сөздік қорын молайту, тіл байлығын арттыру.<br>**Ойын барысы:** Балалар, күз мезгілі, бақшада, көкөністер деген сөздерге сөйлем құрастырады.<br>**Д.О.** «Ғажайып суреттер»<br>**Ойынның мақсаты:** Балалардың сөздік қорын молайту, шығармашылық қабілеттерін арттыру.<br>**Ойын барысы:** Балалар ақ қағазға күз мезгілі көріністерінің суретін салады, әңгімелейді.<br><br>**2.Қоршаған ортамен таныстыру.**<br>Еңбекке баулу. Ата-ана еңбегін түсіну, адамдардың еңбектеріндегі өзара байланыстарды байқау. Еңбек ардагерлерін, қарттарды құрметтеу, үлкенді сыйлау, олардың еңбегін бағалау.<br>**Сөздік ойын:** «Сенің өмір сүруіңе не қажет?»<br>**Ойынның мақсаты:** Адам өміріне не қажет екенін айту, білімдерін толықтыру. Балаларды өз денсаулығын дұрыс күте білуге, спортпен айналысуға баулу, білім алуға, жақсы мамандық | **Жазып үйренем:** «Қолға қалам аламыз, әдемі етіп жазамыз!»<br>**Ойынның мақсаты:** Қолды жазуға дайындау, жазу дәптерінің бетінде бағдарлай білуге, жазу жолы мен жоларалық кеңістікті ажырата білуге үйрету.<br>**Ойын барысы:** Балалар геометриялық фигуралардың, көкөністер, жеміс-жидектердің дайын суреттердің сыртын шетке шығармай бастырмай бояйды.<br><br>**2.Математика негіздері.**<br>**Міндеттері:** Шама. Заттардың (5 және одан артық) ұзындығын, биіктігін, ені мен жуандығын анықтай білу, заттарды шамасына қарай өсу және кему ретімен орналастыру. Шамасы бойынша заттардың арасындағы қатынастарды білдіретін математикалық терминдерді қолдану.<br>**Д.О.** «Кім зейінді?»<br>**Ойынның мақсаты:** Биік-аласа, тар-кең, үлкен-кіші ұғымдарын бекіту, білімдерін толықтыру, айырмашылықтарын ажырата білуге үйрету.<br>**Ойын барысы:** Педагог балаларға екі түрлі үйдің суретін көрсетеді. Үйлердің бір-бірінен қандай айырмашылығы |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **«Секектегіш»** ғаламшары.<br>**Шарты:** Бұл ғаламшарда балалар секіріп жүреді. Екі аяқтап биіктігі 20-30 см заттардан аттап секіру;<br>Бір орында тұрып алға қарай 3-4 метр қашықтыққа жылжу арқылы секіру;<br>Екі тізенің арасына қапшықты қысып ұстап, түзу бағытта (арақашықтығы 6 метр) қос аяқпен секіру.<br>**«Түрлі-түсті ғаламшар»**<br>**Шарты:** Допты еденге бір қолмен, алақан жайып, қайта саусақтың басымен қарсы алып, қайтарып, аяқтың жанына қарай еденге соғу.<br>**«Жорғалаушылар»** ғаламшары.<br>**Шарты:** Балалар модульдерден аттап шынтақтап, тізерлеп, еңбектеп, жорғалап жүреді.<br>**«Сиқырлы ғаламшар»**<br>**Шарты:** Балалар залға шашырап бытыраңқы жүрісі орындайды. Әртүрлі музыка әуенімен сәйкес қимылдар жасайды. Шапшаң әуенге үлкен адымдап, қолын жоғары көтеріп жүреді. Баяу әуенге кішкентай қадамдар жасап қолдарын беліне қойып жүреді.<br>**Ойын-жаттығу.**<br>«Қарама-қарсы қозғалыс»<br>**Шарты:** Ойыншылар екі қатарға бір-біріне қарама – қарсы тұрады. Бірінші қатар не істесе де екінші қатар соған қарама –қарсы қимылдар жасайды. | -Күз айларын атаңдар.<br>-Қай айдан басталады?<br>-Күз мезгілі несімен ерекшеленеді?<br>-Күзде табиғатта қандай өзгерістер болады?<br>-Ауа-райын бақыла.<br>-Ағаштар қалай өзгереді?<br>-Күзде алғаш қандай құстар ұшып кетеді?<br>-Күзде адамдар қандай еңбек түрлерімен айналысады?<br>-Адамдар бақта, бақшада, егістік алқабында қандай еңбек етеді?<br>-Сенің отбасың күзде қандай еңбек атқарады?<br>**Жұмбақты шеш.**<br>Жиын-терін болатын,<br>Қамбаға астық толатын.<br>Қызыл қырман ойнайтын,<br>Қай мезгіл деп ойлайсың?<br>**Бірге жаттайық.**<br>Жемісі мол теретін,<br>Күз дос екен бізбенен.<br>Бәрін тауып беретін,<br>Жомарт екен күз деген.<br>**Шығармашылық үзіліс.**<br>«Себеттегі алма»<br>**Мақсаты:** Суреттің композициясын құра білуге үйрету, шығармашылық ойлау қабілеттері мен бейнелей білу мүмкімдіктерін дамыту. Балалардың сурет салуға деген қызығушылығын арттыру.<br>**Балалардың жұмысы:** «Себеттегі алма» суретін салады.<br><br>**4.Музыка.**<br>**Міндеттері:** Музыка | үлкендері де, майдалары да бар. Олар өзен, көл, теңіз, мұхиттарда тіршілік етеді. Балықтар желбезегімен тыныс алады. олар жүзу қанаттарының және құйрығының көмегімен суда жүзеді. Балықтың денесі жылтық қабыршақпен жабылған. Балықтар су өсімдігінің сабағы мен жапырағына, суқойма түбіне уылдырық шашады. Уылдырық-балықтың жұмыртқасы. Уылдырықтан шабақтар пайда болып өсіп-жетіледі.<br>Сен қандай балықтарды білесің?<br>Суреттегі шортан мен жайынды салыстыр.<br>Өзің білетін теледидардан көрген ірі алып балықтарды ата.<br>**Жұмбақтар жасыру.**<br>(балаларға балықтар туралы бірнеше жұмбақтар жасыру).<br>Терісі бар, жүні жоқ,<br>Жүрісі бар, ізі жоқ.<br>Қанаты бар ұшпайды,<br>Су астында қыстайды.<br>(балық).<br>Шаңқ-шұңқ еткен үні жоқ,<br>Сусыз оның күні жоқ.<br>Жүріп кетсе соңында,<br>Қалып жатқан ізі жоқ.<br>(балық).<br>Күміспен апталған,<br>Теңгемен қапталған.<br>(сазан).<br>Қомағайлық жасайды,<br>Шабақтарды асайды.<br>(шортан).<br>Өзі алып кемедей,<br>Дауылдардан ықпайды. | **Мақсаты:** Жұмбақтар жасыру арқылы тапқырлыққа, алғырлыққа үйрету.<br>Жауып жаңбыр, жер сабыр,<br>Шөп жапырақ солады.<br>Бұл қай кезде болады?<br>(күзде).<br>Өсіп тұрған бұл не?<br>Жаз болса жайнап.<br>Саясында ән салып,<br>Құстар жүрген сайрап.<br>Салқын түссе шешініп,<br>Қалады өзі жайрап.<br>(ағаш).<br>**Ашық микрафон:**<br>-Қазір қай мезгіл?<br>-Күз екенін қайдан білдіңдер?<br>-Күзде ауа-райы қандай болады?<br>-Күзгі жапырақтың түсі қандай?<br>-Күзгі орман қандай болады?<br>-Орманда қандай ағаштар өседі?<br>-Қандай ағаштарды білесіңдер?<br>-Ағаштардың қандай пайдасы бар?<br>**Тыңда.**<br>Күзде ағаш жапырақтары сарғайып түсе бастайды. Күздің соңына қарай жапырағынан айырылған ағаштар жалаңаштанады. Тек шырша мен қарағай ғана жасыл қалпында болады. Қылқандары жыл бойы біртіндеп түсетіндіктен, олар үнемі жасыл болып тұрады.<br>**Сурет салу.** | жануарлар, құстар).<br>Заттардың пішіндеріне, бөліктердің салыстырмалы өлшеміне және олардың орналасуына сүйене отырып түстер мен олардың реңктерін беру.<br>**Д.О.** «Ертегіні ата»<br>**Ойынның мақсаты:** Балаларды ертегілерді ажыратып, атай білуге үйрету және жинақтау, талдау қабілеттерін жетілдіру.<br>**Ойын барысы:** Балаларға ертегілер бейнеленген суреттер таратылады. Балалар суретке қарап қандай ертегі екенін айтады.<br>**Д.О.**«Ертегі кейіпкерлерін таны»<br>**Ойынның мақсаты:** Балалардың есте сақтау қабілеттерін арттыру.<br>**Ойын барысы:** Тақтаға ілінген ертегі кейіпкерін атайды, қай ертегі кейіпкері екенін табады.<br>**Д.О.** «Кім тез табады?»<br>**Ойынның мақсаты:** Балалардың ой өрісін, ойлау қабілетін дамыту.<br>**Ойын барысы:** Суретке қарап жасырынған көжектерді табады. Көжектер анасымен жасырынбақ ойнады. Анасы біреуін тауып алды. Қоянда барлығы неше көжек болды? (3 көжек).<br>**Д.О.** «Кім тез жауап береді?» |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
